- 16 Poryadok planirovaniya veterinarnyh meropriyatij protiv osobo opasnyh boleznej zhivotnyh na territorii veterinarno-sanitarnogo blagopoluchiya [Tekst]: Glava 2. Prikaz Ministra sel'skogo hozyajstva RK ot 06.04.2020 № 115.
- 17 GOST 2603-85. ZHivotnye sel'skohozyajstvennye. Metody laboratornoj diagnostiki klostridiozov [Tekst]. – Vved. 1986 – 01 – 01. - Izd-vo standartov, 1985. - № 945, 20s.
- 18 Hoult, Dzh. Opredelitel' bakterij Berdzhii [Tekst] / Dzh. Hoult // T. 1, M.: Mir, 1997.- 203, T.2 , - S. 568.
- 19 Bergey's Manual of Systematic Bacteriology [Text] / George, M. Garrity // Department of Microbiology and Molecular Genetics: Michigan State University / USA – 2005, - Vol. 2. Part V. p. 764 – 799.
- 20 Kagan, F.I., Kirillov, L.V. Specificheskaya profilaktika klostridiozov zhivotnyh [Tekst] / F.I.Kagan, L.V. Kirillov // - Moskva, Izd. Kolos, 1976.-152 s.
- 21 Antonov, B. I. Laboratornye issledovaniya v veterinarii [Tekst] / B. I. Antonov // Moskva. – Izd. Agropromizdat, 1986. S.175 - 177.

ТҮЙІН

Қойлардың анаэробты энтеротоксемиясы бойынша республика аумағының эпизоотологиялық сипаттамасын зерделеу үшін тіркелген ауру жағдайларын талдай отырып, мониторингтік зерттеулер жүргізілді; ҚР 7 облыстың ЭБ-нен 737 сынамалар алынды – Алматы, Қызылорда, Түркістан, БҚО, Жамбыл, Қарағанды, Ақтөбе; анаэробты энтеротоксемияның қоздырғышын оқшаулау үшін бактериологиялық зерттеулер жүргізілді, және Цейслердің дифференциалды ортасына себу арқылы және теңіз шошқаларына биопробаны қою арқылы идентификация жасалды, өлген теңіз шошқаларының паренхималық мүшелерінен таза *Clostridium perfringens* оқшауланып алынды. Бактериологиялық зерттеулердің нәтижесін биопробаның нәтижелерімен растадық. 2022 жылы топырақ сынамасынан *Clostridium perfringens* 3 культурасы бөлініп алынды. Топырақ сынамасы жануарлардың анаэробты энтеротоксемиямен және жалпы клостридиозбен ауыру көзі болып табылады.

"РПО" РММ деректері бойынша елде 10 жыл ішінде анаэробты энтеротоксемияның 47 жағдайы тіркелді, оның ішінде Жамбыл облысында 33 жағдай, қалған жағдайлар аумағында жануарлар вакцинацияланатын 6 облыс бойынша 1-ден 3-ке дейін жағдаймен бөлінеді; вакцинацияланатын облыстар арасында 2 сәтті облыс бар; республиканың 7 облысы анаэробты энтеротоксемия бойынша сәтсіз болып табылады. Тіркелген ошақтар бойынша ел аумағын аймақтарға бөлу және аймақтандыру кезінде 17 облыстан үш зона анықталды: аумағында жануарлар анаэробты энтеротоксемияға қарсы вакцинацияланатын 9 облыс; 1 облыс - Атырау, 2022 жылдан бастап вакцинациясыз сәтсіз; 7 облыс – вакцинациясыз сәтті.

Республика аумағының эпизоотологиялық сипаттамасы бойынша анаэробты энтеротоксемия бойынша індеттен қорғау облыстардың сәтсіз аудандарының эпизоотиялық ошақтарында профилактикалық іс-шаралардың көмегімен жүргізіледі.

ӘӨЖ: 619:616.98:579.852.11
ГТАХР 68.41.01; 68.41.35; 68.41.53

DOI 10.52578/2305-9397-2023-4-1-87-96

Өзбекбай Н.Б., ветеринария ғылымдарының магистрі, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-6678-5942>

«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы 223, 050016, Қазақстан, nazerke.bauyrzhankeyev@mail.ru

Егорова Н.Н., ветеринария ғылымдарының кандидаты, <https://orcid.org/0000-0001-9525-1854>
«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы 223, 050016, Қазақстан, natalya-egorova60@mail.ru

Мусаева А.К., биология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, <https://orcid.org/0000-0002-6329-6959>

«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы 223, 050016, Қазақстан, AssiyaKyblashevna@mail.ru

Ozbekbay N.B., Master of Veterinary Sciences, **the main author**, <https://orcid.org/0000-0002-6678-5942>

LLP «Kazakh scientific-research veterinary institute», Almaty, Raimbek ave. 223, 050016, Kazakhstan, nazerke.bauyrzhankyzy.94@mail.ru

Yegorova N.N., Candidate of Veterinary Sciences, <https://orcid.org/0000-0001-9525-1854>

LLP «Kazakh scientific-research veterinary institute», Almaty, Raimbek ave. 223, 050016, Kazakhstan, natalya-egorova60@mail.ru

Mussayeva A.K., Doctor of Biological Sciences, associate professor, <https://orcid.org/0000-0002-6329-6959>

LLP «Kazakh scientific-research veterinary institute», Almaty, Raimbek ave. 223, 050016, Kazakhstan, AssiyaKyblashevna@mail.ru

ҚОЙ БРАДЗОТЫ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНЫҢ ЭПИЗООТОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ EPIZOOTOLOGICAL CHARACTERISTICS OF THE TERRITORY OF THE REPUBLIC ON SHEEP BRADZOT

Аннотация

Қой брадзоты бойынша республика аумағында жүргізілген мониторинг осы аурумен күресу стратегиясының тиімділігін толықтырады, ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың тиімділігін арттырады.

Қойлардың брадзоты бойынша эпизоотиялық жағдай 2013 жылдан 2022 жылға дейінгі ветеринариялық есептілігінің 10 жылдық статистикалық деректеріне талдау жүргізілді. Соңғы 10 жыл ішінде брадзоттың 15 жағдайы тіркелгені байқалды. Ақмола, Қостанай, Түркістан, Жетісу, Абай облыстарында брадзоттың бір-бір жағдайынан анықталды; Алматы облысында брадзоттың 3 жағдайы байқалды; Жамбыл облысында қой брадзотының 3 жағдайы анықталды; Батыс Қазақстан облысында қой брадзотының 4 жағдайы тіркелді.

Сондай-ақ қой брадзотына мониторинг жүргізу мақсатында республиканың вакцинацияланатын және вакцинацияланбайтын шаруашылықтарына барып, эпизоотологиялық және клиникалық зерттеулер жүргізілді; биоматериал және сыртқы орта объектілерінен сынамаларды іріктеу жасалды; алынған сынамаларға бактериологиялық зерттеулер жүргізілді; бактериологиялық зерттеулердің нәтижесінде бөлініп алынған *Clostridium ovis septicum* өсіндісі зертханалық жануарларға биопроба қоюға пайдаланылды.

Бұл мақсатта 2023 жылы республиканың 5 облысының (Жамбыл, Қызылорда, Ақмола, СҚО, Қостанай) 12 ауданынан 148 топырақ, 34 қи, 43 жем және 28 тұрып қалған сулардан су сынамасы жалпы 253 материал сынамасын бактериологиялық зерттеу кезінде, қой брадзоты қоздырғышы *Clostridium septicum* Қызылорда облысының топырақ үлгісінде табылды. Қалған 252 сынамадан кластридиоз қоздырғыштары, оның ішінде брадзот қоздырғышы *Clostridium septicum* бөлініп алынбады. Зерттеу нәтижелері қой брадзотының қоздырғышымен қоршаған ортаның ластануының төмен деңгейі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қойлардың брадзоты бойынша ағымдағы эпизоотиялық жағдайды талдау оны еліміздің вакцинацияланатын облыстарының эпизоотиялық ошақтарында вакцинациялаудың арқасында шартты түрде сәтті деп бағалауға мүмкіндік береді.

ANNOTATION

Monitoring of sheep bradzet on the territory of the Republic complements the effectiveness of the strategy for combating this disease, increases the effectiveness of veterinary and sanitary measures.

The analysis of statistical data for 10 years of veterinary reporting on the epizootic situation of sheep bradzet from 2013 to 2022 was carried out. Over the past 10 years, 15 cases of bradzet have been registered. In Akmola, Kostanay, Turkestan, Zhetysu, Abai regions, one case of bradzet was detected; 3 cases of bradzet were noted in Almaty region; 3 cases of sheep bradzet were detected in Zhambyl region; 4 cases of sheep bradzet were registered in West Kazakhstan Region.

Also, in order to monitor the sheep breeding, epizootological and clinical studies were conducted with visits to vaccinated and unvaccinated farms of the republic; sampling from biomaterial objects and the environment; bacteriological studies on selected samples; *Clostridium ovis septicum* growth isolated as a result of bacteriological studies was used to perform bioassays on laboratory animals.

To this end, in 2023, in 12 districts of 5 regions of the republic (Zhambyl, Kyzylorda, Akmola, North Kazakhstan, Kostanay), during a bacteriological study of 148 soil samples, 34 manure, 43 feed samples and 28 standing water samples, a total of 253 samples of material, the causative agent of sheep bradzote *Clostridium septicum* was detected in a soil sample of the Kyzylorda region. Of the remaining 252 samples, pathogens of clostridiosis, including the causative agent of the bradzote *Clostridium septicum*, were not isolated. The results of the study allow us to draw conclusions about the low level of environmental pollution by the causative agent of sheep bradzote.

The analysis of the current epizootic situation on the bradzote of sheep makes it possible to assess it as conditionally successful due to vaccination in epizootic foci of the vaccinated regions of the country.

Түйін сөздер: қой брадзоты, клостридия, сынама алу, мониторинг, эпизоотиялық жағдай, эпизоотологиялық бірлік

Key words: sheep bradzot, clostridia, sampling, monitoring, epizootic situation, epizootological unit

Кіріспе. Қойдың брадзоты немесе секіртпе (Bradsot, брадзот овец) ұлтабар мен он екі елі ішектің кілегейлі қабықтарының қанталап қабынуы және ішкі үлпершек ағзалардың азғындауы арқылы ерекшеленетін, жіті өтетін жұқпалы ауру.

Табиғи жағдайда қойлар жасы мен жынысына қарамай ауырғанымен, көбінесе 2 жасқа дейінгі әдетте қондылығы жоғары малдар ауруға шалдығады. Брадзот жылдың кез келген мезгілінде, көбінесе көктемде және күзде, жазда әдетте құрғақ жылы мезгілде тіркеледі. Брадзоттың негізгі қоздырушысы – *Clostridium ovis septicum*, қолайлы жағдайда жануарлардың асқазан-ішек жолдары мен бауырында көбейе алады. Инфекция қоздырушысының бастауы - ауырған қой. Өлген қойдың өлексесі жайылым мен суатты брадзоттың қоздырушысымен ластайды. Инфекция қоздырғышының споралары топырақта, ағынды емес суларда, жем-шөпте, мал шаруашылығы жайларында, қида, көнде сақталады; инфекция қоздырғышы қойдың асқазан және аш ішек бөлімінде ұзақ уақыт сақталады. Ауру жануарларды азықтандыру, суару және күтіп ұстау шарттары бұзылған жағдайда көрініс береді, бұл асқазан-ішек жолдарының бұзылуына және клостридиялардың қарқынды көбеюіне ықпал етіп, организмнің жалпы интоксикациясының дамуына әкеліп соғады [1-7].

Брадзот аса жіті және жіті түрде өтеді. Аса жіті өткенде жасырын кезеңі бірер сағат қана созылып, мал кенеттен өліп қалады. Алдында ғана сау жүрген қой кенеттен тыпыршып, бір орында секіріп барып құлайды. Осындай жәйт аурудың халық арасында "секіртпе" деп аталуына себеп болған. Жығылған қойдың ауызынан көбік ағып, тісін шықырлатып, бірер минутта өліп кетеді. Жіті өткенде аурудың жасырын кезеңі бір тәулікке созылып, дененің ыстығы көтеріліп, мал күйзеліп, жем-шөпке қарамайды. Тынысы, тамыр соғысы жиілеп, ауызы мен тануынан көбік ағады. Кейде қан аралас іші өтіп, несеп шығаруы жиілейді, іші кеуіп, тісін шықырлатады. Кейбір ауырған қой тынышсызданып бір орында секіріп немесе айналышықтап, жер тарпиды, оқтын-оқтын құрысуы байқалады. Тынышсызданудан соң дел-сал күйге ауысады да, жатып қалады. Жатқанда аяқтарын созып, мойынын артқа немесе бір жағына қарай бұрады. Ауырған мал демігіп, әлсіреп барып, бір күнге жетпей өледі [1-5].

Брадзот диагнозы клиникалық-эпизоотологиялық мәліметтер, патологиялық өзгерістер негізінде қойылады. Соңғы диагноз бактериологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша анықталады, оның ішінде: қоректік ортада өсіп шыққан культурадан дайындалған жағындылардың микроскопиясы, анаэробты микроорга- низмдер үшін қоректік ортаға себінді жасау (Китт-Тароцци ортасы, Цейсслер глюкоза-қанды агар ортасы), зертханалық жануарларға жұқтыру- биосынама, биосынамалық жануарлардан қоздырғыш культурасын бөліп алу.

Қой брадзоты бойынша республика аумағына мониторинг жүргізу қажеттілігі осы аурумен күресу стратегиясының тиімділігін толықтырумен айқындалады. Қой брадзоты

бойынша ветеринариялық-санитариялық іс-шаралардың тиімділігін арттыру өзекті міндет болып табылады [8-12].

Қойлардың брадзоты бойынша эпизоотиялық жағдай ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің 2013 жылдан 2022 жылға дейінгі ветеринариялық есептілігінің 10 жылдық статистикалық деректерін талдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сәтсіз шаруашылықтарына барған кезде өзіндік зерттеулерінің нәтижелері, эпизоотологиялық, клиникалық және бактериологиялық бойынша зерттеулердің нәтижелері пайдаланылды [7, 8, 9, 13-16]. Жануарлардан биоматериал, сыртқы орта объектілерінен сынамаларды іріктеу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/393 бұйрығымен бекітілген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер мен биологиялық материал және сынамаларды іріктеу қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Соңғы 10 жыл ішінде брадзоттың 15 жағдайы тіркелгені байқалады. Ақмола, Қостанай, Түркістан, Жетісу, Абай облыстарында брадзоттың бір-бір жағдайынан анықталды; Алматы облысында брадзоттың 3 жағдайы байқалды; Жамбыл облысында қой брадзотының 3 жағдайы анықталды; Батыс Қазақстан облысында қой брадзотының 4 жағдайы тіркелді. Қой брадзотының ең көп өршуі 2013 және 2021 жылдары: әр қайсысында 4 жағдайдан және 2014 жылы 3 жағдай тіркелген.

Ал 2015, 2016, 2019 жылдары республика аумағында қойлардың брадзоты тіркелмеді. 2013 жылы Ақмола, Алматы, Қостанай және Түркістан облыстарында тіркелді (барлығы 4 жағдай). 2014 жылы Батыс Қазақстан, Абай облысы және Алматы қаласында тіркелді (барлығы 3 жағдай). 2017 және 2018 жылдары Батыс Қазақстан облысында, 2020 жылы Жамбыл облысында брадзот ошағы тіркелді. 2021 жылы брадзоттың 4 ошағы тіркелді: Жетісу облысының Көксу ауданында, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында және Жамбыл облысының Байзақ ауданында 2 ауру ошағы тіркелді. 2022 жылы (26.05. 2022 ж.) Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Қараөзен а/о, "Мейірбек" ШҚ-да брадзоттың 1 жағдайы тіркелді. 2017 жылы брадзот БҚО Казталов ауданында тіркелген.

Қойлардың брадзоты бойынша эпизоотиялық жағдайды талдау соңғы 10 жылда инфекция ошақтарының азаю үрдісін көрсетеді. Қойлардың брадзотпен ауруын азайту және эпизоотиялық жағдайды жақсарту жүргізілетін ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралардың жоғары сапасына байланысты мүмкін болады [13-16].

Зерттеу әдістері мен материалдары. Зерттеу жұмыстары барысында республика аймақтарындағы қой брадзотының ағымдағы эпизоотиялық жағдайы зерттелді, әртүрлі эпизоотологиялық бірліктерден биоматериал (қи) үлгілері және қоршаған ортадан (топырақ, жем-шөп, тұрып қалған су) сынамалар алынды, республика аумағының соңғы 10 жылдағы эпизоотологиялық сипаттамалары анықталды [17-19]. Қой брадзоты бойынша ағымдағы эпизоотиялық жағдай мониторинг жүргізу барысында аурудан сәтсіз шаруашылықтардан, ЭБ-терден сынамаларды іріктеу, бактериологиялық зерттеулер жүргізу арқылы анықталды. Қой брадзотынан сәтсіз шаруашылықтары және ЭБ-тері бар оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтардан биоматериалдар және сынамалар алынды, сонымен қатар аурудан сәтті облыстардан да сынамалар алынып зерттелді.

Зерттеу нәтижелері. 2021-2023 жж. арналған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ел аумағының аса қауіпті аурулар бойынша эпизоотологиялық сипаттамасын зерделеу және олардың тиімділігін арттыру жөніндегі ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасының міндеттерін орындау барысында «ҚазҒЗВИ» ЖШС-нің ғылыми қызметкерлерінің күшімен қой брадзотының ошақтарын болжау, ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды жоспарлау әдістері, қағидалары мен тәртібі, ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру тиімділігінің, оның ішінде тәуекелді талдау мен бағалауды (ұсынымдар) ескере отырып, нысаналы индикаторлар әзірленіп, жарияланды.

2023 ж республиканың 5 облысының 21 ауданында малдардан биоматериалдар (қи), сыртқы орта объектілерінен (топырақ, жем-шөп, тұрып қалған су) сынамалар алынды. Бактериологиялық зерттеуге арналған сынамалар Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда, Қарағанды облыстарынан іріктеліп алынды. Алматы облысында Талғар, Іле аудандары, Түркістан облысында Сарыағаш, Түлкібас және Төле би аудандары, Жамбыл облысында Байзақ, Жамбыл, Меркі және Талас аудандары, Қызылорда облысында Сырдария, Қармақшы,

Жалағаш аудандары, Қарағанды облысында Бұқар Жырау, Қарқаралы және Ақтоғай аудандарынан биоматериал сынамалары алынды.

Биоматериалдар мен сынамаларда браздот қоздырғыштарының бар-жоғын зерттеу бактериологиялық әдіспен Китт-Тароцци коректік ортасына себінді жасау арқылы, одан әрі Цейссерлер глюкоза-қанды коректік ортасында бөлініп алынған культураларды қайта себінді жасау арқылы жүргізілді. Бөлініп алынған клостридия культураларын анықтау культуралық-морфологиялық, тинкториалдық, биологиялық қасиеттерді зерттеу Берджи бактерияларының анықтаушына сәйкес жүргізілді [17]. Микроорганизмдердің вируленттілігі 48 сағаттық клостридияның бульондық культурасын зертханалық жануарларға (теңіз тышқандары) биосынама жасап, бұлшықет ішіне енгізу арқылы анықталды. Атап айтқанда, браздот қоздырғышын бөліп алу биоматериалдар мен сынамаларды бактериологиялық зерттеулер жалпы қабылданған әдістеме бойынша жүргізілді [18].

Браздот бойынша эпизоотиялық жағдайды зерттеу мақсатында биылғы жылы биоматериалдар және қоршаған ортадан 253 сынама алынып зерттелді. Республиканың 5 облысынан алынған биоматериал (қи) және қоршаған ортадан алынған материал (топырақ, жем-шөп, тұрып қалған су) үлгілеріне бактериологиялық зерттеу жүргізілді, нәтижелері кестеде келтірілген.

Кесте 1- Браздотқа тексеруге іріктелген биоматериалдарды бактериологиялық зерттеу нәтижелері

№	Облыс атауы	Аудан атауы	Іріктеліп алынған биосынамалар				Барлық зерттелген сынамалар	Бөлінген культура саны
			Топырақ	Қи	Жем-шөп	Су		
1	Жамбыл	Жамбыл	40	10	10	10	70	-
		Байзақ	35	10	10	10	65	-
	Облыс бойынша:		75	20	20	20	135	-
2	Қызылорда	Арал	16	8	12	4	40	-
		Қазалы	14	6	11	4	35	1
	Облыс бойынша:		30	14	23	8	75	1
3	Ақмола	Атбасар	10	-	-	-	10	-
		Астрахань	15	-	-	-	15	-
	Облыс бойынша:		25	-	-	-	25	-
4	СҚО	Ақжар	3	-	-	-	3	-
		Тимирязев	3	-	-	-	3	-
		Қызылжар	3	-	-	-	3	-
	Облыс бойынша:		9	-	-	-	9	-
5	Қостанай	Әулікөл	3	-	-	-	3	-
		Қарабалық	3	-	-	-	3	-
		Жітіқара	3	-	-	-	3	-
	Облыс бойынша:		9	-	-	-	9	-
	5 облыс бойынша:	12	148	34	43	28	253	1

Кестеден республиканың 5 облысының 12 ауданынан 148 топырақ, 34 қи, 43 жем және 28 тұрып қалған сулардан су сынамасы жалпы 253 материал сынамасын бактериологиялық зерттеу кезінде, қой браздоты қоздырғышы *Clostridium septicum* Қызылорда облысы, Қазалы

ауданы, Майдакөл а/о, Ғибрат ШҚ-нан топырақ үлгісінде табылды. Қалған 252 сынамадан клостридиоз қоздырғыштары, оның ішінде браздот қоздырғышы *Clostridium septicum* бөлініп алынбады. Зерттеу нәтижелері қой браздотының қоздырғышымен қоршаған ортаның ластануының төмен деңгейі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.


Қойлардың браздоты бойынша ағымдағы эпизоотиялық жағдайды талдау оны еліміздің вакцинацияланатын облыстарының эпизоотиялық ошақтарында вакцинациялаудың арқасында шартты түрде сәтті деп бағалауға мүмкіндік береді [11,13,20].

Браздот бойынша эпизоотиялық жағдайды, статистикалық мәліметтерді, браздот ошақтарының қайталануын есепке алып, зерделеу негізінде, республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында аурудың бірегей жағдайларының өршу қаупі бар деп қорытынды жасайды. Сәтті болжам жүргізілген профилактикалық іс-шаралардың сапасымен және ауру ошақтары байқалған індеттен сау емес шаруашылықтардағы қойларды вакцинациямен қамтумен айқындалады.

2023 жылы Қызылорда облысынан бактериологиялық зерттеуге 75 биоматериал сынамасы алынды. Браздот қоздырғышы Қазалы ауданы, Майдакөл ауылдық округы, «Ғибрат» ШҚ-нан іріктелген топырақ үлгісінен табылды. Қалған 74 биоматериал үлгілерінен браздот қоздырғышы анықталмады.

Биоматериалдар мен сынамалардан алынған себінділер Китт-Тароцци ортасына (вазелин майының астындағы ЕПББ) 1% глюкозамен жасалды, термостатта 48 сағат бойы өсірілді. 48 сағаттан кейін күдікті культуралардан (газдың бөлінуі, ортаның қарқынды бұлыңғырлануы, спецификалық иіс) жағындалар жасалып, Грам әдісімен боялды.

Китт-Тароцци қоректік ортасының сорпалық культурасымен («Ғибрат» ШҚ-нан іріктелген топырақ үлгісі) жұқтырылған теңіз тышқанынан алынған патологиялық материалды егуден дайындалған жағындыда орталық немесе субтерминальды орналасқан споралары бар үлкен грам оң таяқшалар байқалды, 1-сурет.



Сурет – 1 Грам әдісімен боялған жағындыдағы браздот қоздырғышы.

1-суретте споралары бар ұзын грам оң таяқшалар жеке немесе тізбектей орналасқан.

Бөлініп алынған культураны одан әрі қарай идентификациялау мақсатында патогеннің 48 сағаттық культурасы қан ағары бар Петри табақшасына Цейсслер глюкоза-қанды қоректік ортасында қайта себіліп, 60 сағатқа анаэроустатқа орналастырылды. Қанды ағарда айқын гемолиз аймағы бар дөңгелек ақшыл дөңес клостридия колониялары өсіп шықты. Патогенді клостридиялардың, оның ішінде браздот қоздырғышының қоректік ортада өсу барысында токсиндер бөліп шығаратынын ескерсек, Цейсслер глюкоза-қанды ортасында өсіп шыққан культураның гемолиз зонасын түзуі соның айғағы болып табылады. Сынамадан Китт-Тароцци қоректік ортасында бөлініп алынған, клостридияларға тән белгілермен өсіп шыққан

культураны Цейссерлер глюкоза-қанды қоректік ортасына сепкенде өсіп шыққан колониялардың айналасында культураның өсу барысында бөлінетін токсиндердің әсеріне тән гемолиз аймағы түзілгені – клостридияларды идентификациялаудың тағы бір сенімді әдісі болып табылады.

Цейссерлер ортасынан брадзот қоздырғышына тән колонияларды бактериологиялық ілмекпен ілініп алынып Китт-Тароцци қоректік ортасына себіледі. Содан өсіп шыққан 48 сағаттық сорпалық культураны зертханалық жануарларға (теңіз тышқаны) терең бұлшықет ішіне енгізілген биопроба қою арқылы брадзот қоздырғышының патогендігі анықталды. Биопробалық жануарлардан бөлініп алынған клостридия культураны анықтау Берджи бактерияларының анықтауышына сәйкес культуралды-морфологиялық, тинкториалдық, биологиялық қасиеттерді зерттеу нәтижелері негізінде жүргізілді. Зертханалық жануарлардағы культуралды-морфологиялық, тинкториалдық қасиеттерді және биопробаны зерттеу нәтижелері негізінде бөлінген культура қой брадзотының қоздырғышына (*Cl.septicum*) жатқызылады. 253 материал сынамасын бактериологиялық зерттеу кезінде, қой брадзоты қоздырғышы *Clostridium septicum* 1 сынамадан бөлініп алынды, 252 сынама қой брадзоты қоздырғышынан таза болып шықты. Зерттеу нәтижелері қой брадзотының қоздырғышымен қоршаған ортаның ластануының төмен деңгейі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен 2021-2023жж аралығында 3 жыл ішінде қой брадзотына бактериологиялық зерттеуге арналған биоматериалдар мен қоршаған ортадан алынатын сынамалар республиканың 7 облысының 39 ауданынан 189 эпизоотологиялық бірліктен 1258 сынамасы зерттелгенін көруге болады: 615 топырақ сынамасы, 306 қи сынамасы, 287 жем сынамасы, 34 шөп сынамасы, 116 су сынамасы зерттелді. Қой брадзотының қоздырғышы Алматы облысынан 1 сынамадан, Жамбыл - 2 сынамадан, Түркістан - 2 сынамадан, Қызылорда - 1 сынамадан іріктелген 6 топырақ сынамасынан табылды: 1258 биоматериалдар мен сынамаларды бактериологиялық зерттеу нәтижесінде брадзот қоздырғышы *Cl.septicum* 6 топырақ сынамасынан бөлініп алынды:

- Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Шамалған а/о, Шолаққарғалы ауылы Туматов ШҚ;
- Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбар ауылы, Береке ШҚ;
- Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбар ауылы, Аққойлы ШҚ;
- Жамбыл облысы, Байзақ ауданы Көктал а/о, Жібек ШҚ;
- Түркістан облысы, Келес ауданы, Жүзімдік а/о, Қылышбек ШҚ;
- Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Майдакөл а/о, Ғибрат ШҚ.

Атап айтқанда, 2021-2023жж аралығында іріктеліп алынған биоматериалдар мен сынамалардың саны, құрамы, бөлініп алынған брадзот қоздырғыштарының саны 2-кестеде берілген.

Кесте 2 - жылдардағы сынамаларды бактериологиялық зерттеу нәтижелері

№	Эпизоотологиялық бірліктер саны	Топырақ	Қи	Жем	Шөп	Су	Зерттелген сынамалар саны	Бөлініп алынған культуралар саны
2021 г.								
1	30	94	88	86	-	32	300	3 (топырақ)
2022 г.								
2	113	373	84	158	34	56	705	2 (топырақ)
2023 г.								
3	46	148	34	43	-	28	253	1 (топырақ)
Барлығы 3 жылда								
	189	615	206	287	34	116	1258	6 (топырақ)

Бұл кестенің мәліметтері бойынша 1258 биоматериалдар мен сынамаларды бактериологиялық әдіспен зерттеудің нәтижесі бойынша 6 сынамадан браздот қоздырғышы *Cl.septicum* бөлініп алынған. Қалған 1252 биоматериалдар мен сынамаларда браздот қоздырғышы *Cl.septicum* анықталмаған.

Қорытынды. Бактериологиялық зерттеу нәтижелерін талдау қоршаған ортаның қой браздотының қоздырғышымен ластануы төмен және аурудың таралуы төмен деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Браздот ауруының пайда болуы мен таралуының төмен болуы жүргізіліп жатқан ветеринариялық-профилактикалық шаралардың, оның ішінде қойларды браздотқа қарсы жоспарлы вакцинациялаудың жоғары тиімділігінің көрсеткіші болып табылады. Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарында қой браздотына қарсы вакцинация қой браздотының эпизоотиялық саулығын сақтауға ықпал ететін негізгі фактор болып табылады.

Қойлардың браздоты бойынша ағымдағы эпизоотиялық жағдайды талдау оны еліміздің вакцинацияланатын облыстарының эпизоотиялық ошақтарында вакцинациялаудың арқасында шартты түрде сәтті деп бағалауға мүмкіндік береді. Дегенмен, қоршаған ортада (әсіресе топырақта және тұрып қалған суда) патогеннің болуы инфекция ошақтарының қаупі бар екенін көрсетеді.

Қойлардың браздоты бойынша республика аумағының эпизоотиялық салауаттылығы ғылыми негізделген эпизоотияға қарсы, ветеринариялық-санитариялық, ұйымдастырушылық-шаруашылық, арнайы ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты. Қой браздоты бойынша сәтсіз пункттерді анықтау және эпизоотияға қарсы тиімді іс-шаралар жүргізу қой аурушандығы мен өлімін азайтуға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2021-2023жж.арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде «Аса қауіпті аурулар бойынша ел аумағының эпизоотологиялық сипаттамаларын зерделеу және олардың тиімділігін арттыру үшін ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды әзірлеу» ғылыми техникалық бағдарлама аясында орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Конопаткин, А.А. Эпизоотология и инфекционные болезни сельскохозяйственных животных [Текст]: / А.А.Конопаткин. - Москва. -1984. - Б.543.
- 2 Бакулов, И.А. Система мониторинга особо опасных, экзотических и малоизученных, в том числе зооантропоознозных болезней животных: Руководство по общей эпизоотологии [Текст] / Н.А., Книзе А.В., Котляров В.М., Покров: ВНИИВВиМ, 2001.- С.35-38.
- 3 Бакулов, И.А. Руководство по общей эпизоотологии [Текст] / И.А. Бакулов, А.Д. Третьяков, [и др.]. /- Москва. – 1979. – Б.384-391.
- 4 Терентьева, Ф.А. [Текст]:Болезни овец /Ф.А.Терентьева, А.А.Маркова, М.Д. Польшковского. Москва, -1963. – Б.519.
- 5 Шевченко, А.А. Профилактика и мероприятия по ликвидации браздота овец и коз: [Текст]:Учебное пособие / Шевченко А.А., Зеркалов Д.Ю., Черных О.Ю., Джалилиди Г.А. – Краснодар. – 2013. – Б.8-9.
- 6 Макаров, В.В. Избранные вопросы изучения общей эпизоотологии и инфектологии [Текст] /Ветеринарная патология. – №4(31). – 2009. – Б.139-148.
- 7 Лукашов, И.И. Методы изучения закономерностей возникновения, угасания, и пути ликвидации эпизоотий [Текст] / Науч.- техн. бюлл. ВИЭВ,-1970.-№8 – С.19-24.
- 8 Урбан, В.П., Методы эпизоотического обследования: [Текст] учеб. для вузов / Калишин Н.М., - Краснодар 1978. – Б.26.
- 9 Турсункулов, Ш.Ж. Эпизоотическая ситуация, мониторинг и прогнозирование болезней животных в Республике Казахстан / Ш.Ж. Турсункулов, И.И. Сытник, Х.Х. Кадырбеков, А.С. Джаилбекова // Труды Федерального центра охраны здоровья животных. Материалы международной научно-практической конференции «Инфекционная патология животных» посвященной 50-летию ФГУ «ВНИИЗЖ». [Текст] – Владимир . – 2008. -Т.VI. -Б.288-299.
- 10 Султанов, А.А. Рекомендации по формированию эпизоотологической (эпидемиологической) единицы и проведению выборки животных для установления эпизоотической ситуации по бруцеллезу [Текст] / А.А. Султанов, Н.П. Иванов, А.М. Намет. [и

др.]. – Алматы, - 2016. – Б.15.

11 Жигальский, О.А. Анализ методов прогнозирования заболеваемости зоонозными инфекциями [Текст] / Учебное пособие Жигальский О.А. // Эпидемиология и Вакцинопрофилактика. - Екатеринбург, -2012. - № 3(64). -Б. 26-30.

12 Приказ Министра сельского хозяйства РК от 27.11. 2014 г. № 7-1/618. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республике Казахстан 26.12. 2014 г. № 10021. Об утверждении Правил проведения эпизоотического мониторинга [Текст] /- Астана.-2014- Б.5-6.

13 Абдрахманов, С.К. Эпизоотологический мониторинг и организация ветеринарных мероприятий: [Текст] Учебное пособие / С.К. Абдрахманов. – Астана. – 2012. – Б.224.

14 Абдрахманов, С.К. Методические рекомендации по проведению эпизоотологического мониторинга и анализа риска в ветеринарии [Текст] / Сытник И.П., Кадырбеков Х.Х., Булашев Б.К. Астана.-2008. –Б.20.

15 Дудников, С.А. Количественная эпизоотология: основы прикладной эпидемиологии и биостатистика [Текст] / С.А. Дудников. Владимир: Демиург, 2005.- Б. 77-82.

16 Джупина, С.И. Методы эпизоотологического исследования и теория эпизоотического процесса: [Текст] Монография / С.И. Джупина// Новосибирск, 1991.- Б.12-22.

17 Хоулт, Дж. Определитель бактерий Берджи [Текст] / Дж. Хоулт. Москва, 1997.- Т. 2. – Б. 568.

18 Антонов, Б.И. Лабораторные исследования в ветеринарии [Текст] Б.И. Антонов [и др.] // Справочник. – Москва. – 1986.- Б.44-48.

19 Горелов, Ю.М. Идентификация *Clostridium septicum* – возбудителя злокачественного отека животных [Текст] / Ю.М. Горелов, А.К. Мусаева, Н.Н. Егорова // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. - Алматы, - 2014. -№ 11. – Б.50-56.

20 Каган, Ф.И. Специфическая профилактика клостридиозов животных[Текст] / Ф.И. Каган, Л.В. Кириллов. - Москва, - 1976. – Б.152.

REFERENCES

1 Konopatkin, A.A. Jepizootologija i infekcionnye bolezni sel'skohozjajstvennyh zhivotnyh[Tekst]:/ A.A.Konopatkin. - Moskva. -1984. - B.543.

2 Bakulov, I.A. Sistema monitoringa osobo opasnyh, jekzoticheskix i maloizuchennyh, v tom chisle zooantropozoonoznyh boleznej zhivotnyh: Rukovodstvo po obshhej jepizootologii [Tekst] / N.A., Knize A.V., Kotljarov V.M., Pokrov: VNIIVViM, 2001.- B.35-38.

3 Bakulov, I.A. Rukovodstvo po obshhej jepizootologii [Tekst] / I.A. Bakulov, A.D. Tret'jakov, [i dr.]. /- Moskva. – 1979 .– B.384-391.

4 Terent'eva, F.A. [Tekst]:Bolezni ovec /F.A.Terent'eva, A.A.Markova, M.D. Polykovskogo. Moskva, -1963. – B.519.

5 Shevchenko, A.A. Profilaktika i meroprijatija po likvidacii bradzota ovec i koz: [Tekst]:Uchebnoe posobie / Shevchenko A.A., Zerkalov D.Ju., Chernyh O.Ju., Dzhailidi G.A. – Krasnodar. – 2013. – B.8-9.

6 Makarov, V.V. Izbrannye voprosy izuchenija obshhej jepizootologii i infektologii [Tekst] /Veterinarnaja patologija. – №4(31). – 2009. – B.139-148.

7 Lukashov, I.I. Metody izuchenija zakonornostej voznikovenija, ugasanija, i puti likvidacii jepizootij [Tekst] / Nauch.- tehn. bjull. VIJeV,-1970.-№8 – B.19-24.

8 Urban, V.P., Metody jepizooticheskogo obsledovanija: [Tekst] ucheb. dlja vuzov / Kalishin N.M., - Krasnodar 1978. – B26.

9 Tursunkulov, Sh.Zh. Jepizooticheskaja situacija, monitoring i prognozirovanie boleznej zhivotnyh v Respublike Kazahstan / Sh.Zh. Tursunkulov, I.I. Sytnik, H.H. Kadyrbekov, A.S.Dzhailbekova // Trudy Federal'nogo centra ohrany zdorov'ja zhivotnyh. Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Infekcionnaja patologija zhivotnyh» posvjashhennoj 50-letiju FGU «VNIIZZh». [Tekst] – Vladimir . – 2008. -Т.VI. -B.288-299.

10 Sultanov, A.A. Rekomendacii po formirovaniju jepizootologicheskoy (jepidemiologicheskoy) edinicy i provedeniju vyborki zhivotnyh dlja ustanovlenija jepizooticheskoy situacii po brucellezu [Tekst] / A.A. Sultanov, N.P. Ivanov, A.M. Namet. [i dr.]. – Almaty, - 2016. – Б.15.

11 Zhigal'skij, O.A. Analiz metodov prognozirovaniya zaboлеваemosti zoonoznymi infekcijami [Tekst] / Uchebnoe posobie Zhigal'skij O.A. // Jepidemiologija i Vakcinoprofilaktika. - Ekaterinburg, - 2012. - № 3(64). -B. 26-30.

12 Prikaz Ministra sel'skogo hozjajstva RK ot 27.11. 2014 g. № 7-1/618. Zaregistrovan v Ministerstve justicii Respublike Kazahstan 26.12. 2014 g. № 10021. Ob utverzhenii Pravil provedeniya jepizooticheskogo monitoringa [Tekst] /- Astana.-2014- B.5-6.

13 Abdrahmanov, S.K. Jepizootologicheskij monitoring i organizacija veterinarnyh meroprijatij: [Tekst] Uchebnoe posobie / S.K. Abdrahmanov. – Astana. – 2012. – B.224.

14 Abdrahmanov, S.K. Metodicheskie rekomendacii po provedeniju jepizootologicheskogo monitoringa i analiza riska v veterinarii [Tekst] / Sytnik I.P., Kadyrbekov H.H., Bulashev B.K. Astana.-2008. –B.20.

15 Dudnikov, S.A. Kolichestvennaja jepizootologija: osnovy prikladnoj jepidemiologii i biostatistika [Tekst] / S.A. Dudnikov. Vladimir: Demiurg, 2005.- B. 77-82.

16 Dzhupina, S.I. Metody jepizootologicheskogo issledovaniya i teorija jepizooticheskogo processa: [Tekst] Monografija / S.I. Dzhupina// Novosibirsk, 1991.- B.12-22.

17 Hoult, Dzh. Opredelitel' bakterij Berdzhi / Dzh. Hoult. Moskva, 1997.- T. 2. – S. 568.

18 Antonov, B.I. Laboratornye issledovaniya v veterinarii [Tekst] B.I. Antonov [i dr.] // Spravochnik. – Moskva. – 1986.- B.44-48.

19 Gorelov, Ju.M. Identifikacija Clostridium septicum – vozбудitelja zlokachestvennogo oteka zhivotnyh [Tekst] / Ju.M. Gorelov, A.K. Musaeva, N.N. Egorova // Vestnik sel'skohozjajstvennoj nauki Kazahstana. - Almaty, - 2014. -№ 11. – B.50-56.

20 Kagan, F.I. Specificheskaja profilaktika klostridiozov zhivotnyh [Tekst] / F.I. Kagan, L.V. Kirillov. - Moskva, - 1976. – B.152.

РЕЗЮМЕ

Проведенный на территории республики мониторинг по браздоту овец дополнит эффективность стратегии борьбы с данным заболеванием, повысит эффективность ветеринарно-санитарных мероприятий.

Проведен анализ статистических данных за 10 лет ветеринарной отчетности по эпизоотической ситуации по браздоту овец с 2013 по 2022 год. За последние 10 лет было зарегистрировано 15 случаев браздота. В Акмолинской, Костанайской, Туркестанской, Жетысуской, Абайской областях выявлен один случай браздота; в Алматинской области отмечено 3 случая браздота; в Жамбылской области выявлено 3 случая браздота овец; в Западно-Казахстанской области зарегистрировано 4 случая браздота овец.

Также с целью мониторинга браздота овец проводились эпизоотологические и клинические исследования с посещением вакцинируемых и невакцинируемых хозяйств республики; отбор проб с объектов биоматериала и внешней среды; бактериологические исследования на отобранных пробах; нарост Clostridium ovis septicum, выделенный в результате бактериологических исследований, использовался для постановки биопроб на лабораторных животных.

С этой целью в 2023 году в 12 районах 5 областей республики (Жамбылской, Кызылординской, Акмолинской, СКО, Костанайской) при бактериологическом исследовании 148 проб почвы, 34 навоза, 43 проб кормов и 28 проб стоячей воды в общей сложности 253 пробы материала, возбудитель браздота овец Clostridium septicum был обнаружен в образце почвы Кызылординской области. Из оставшихся 252 образцов патогены клостридиоза, в том числе возбудитель браздота Clostridium septicum, не были выделены. Результаты исследования позволяют сделать выводы о низком уровне загрязнения окружающей среды возбудителем браздота овец.

Анализ текущей эпизоотической ситуации по браздоту овец позволяет оценить ее как условно успешную благодаря вакцинации в эпизоотических очагах вакцинируемых областей страны.

УДК 637.5.05
МРНТИ 68.41.31

DOI 10.52578/2305-9397-2023-4-1-97-107

Апдраим Г.А., докторант по специальности «Ветеринарная санитария», **основной автор**, <https://orcid.org/0000-0002-7876-7629>

НАО «Казахский национальный аграрный исследовательский университет», г.Алматы, проспект Абая 8, 050010, Республика Казахстан, gulbanu.apdraim87@mail.ru

Сарсембаева Н.Б., доктор ветеринарных наук, профессор, <https://orcid.org/0000-0002-3501-37200>

НАО «Казахский национальный аграрный исследовательский университет», г.Алматы, проспект Абая 8, 050010, Республика Казахстан, lady.nurzhan@inbox.ru

Лозовицка Б., доктор химических наук, профессор, <https://orcid.org/0000-0002-2760-3333>

Научный институт защиты растений, г.Белосток, ул. Хельмонский, 22, 15195, Польша, bozena.lozowicka@mail.ru

Apdraim G. A., doctoral student of the specialty «Veterinary sanitation», **the main author**, <https://orcid.org/0000-0002-0436-5467>

NJSC «Kazakh National Agrarian Research University», Almaty, Abay Ave., 8, 050010, Republic of Kazakhstan, gulbanu.apdraim87@mail.ru.

Sarsembayeva N. B., doctor of veterinary sciences, professor, <https://orcid.org/0000-0002-3501-37200>

NJSC «Kazakh National Agrarian Research University», Almaty, Abay Ave., 8, 050010, Republic of Kazakhstan, lady.nurzhan@inbox.ru

Lozowicka B., doctor of chemical sciences, professor, <https://orcid.org/0000-0002-2760-3333>

«Institute of Plant Protection – National Research Institute», Białystok, Chełmońskiego 22, 15195, Poland, bozena.lozowicka@mail.ru

**ВЕТЕРИНАРНО-САНИТАРНАЯ ОЦЕНКА КАЧЕСТВА МЯСА ПЕРЕПЕЛОВ ПРИ
ПРИМЕНЕНИИ КОРМОВОЙ ДОБАВКИ «ВЕРМИКУЛИТ»
VETERINARY AND SANITARY ASSESSMENT OF QUAIL'S MEAT WHILE USING THE
FEED ADDITIVE "VERMICULITE"**

Аннотация

В данной статье приведены результаты исследования ветеринарно-санитарной оценки качества мяса перепелов при применении кормовой добавки «Вермикулит» к основному рациону. Для проведения исследования были сформулированы 3 группы перепелов по 35 голов в каждой. Птицы первой группы служили контролем и кормовую добавку «Вермикулит» не получали. Перепелам второй и третьей групп в основной рацион добавляли кормовую добавку «Вермикулит» в дозах 3 % и 5 % к сухому веществу основного рациона, соответственно на протяжении четырех месяцев.

Результаты исследований показали, что кормовая добавка «Вермикулит» при применении к сухому веществу основного рациона не оказала негативного влияния на физиологическое состояние организма перепелов. По ветеринарно - санитарной оценке внутренних органов перепелов выявлено, что все органы были пропорциональны и специфического цвета, без кровоизлияний и новообразований. Также, органолептические, физико-химические и микробиологические показатели мяса птицы соответствовали требованиям нормативной документации. В целом, можно отметить, что кормовая добавка «Вермикулит» оказывала положительное влияние на органолептические и физико-химические показатели мяса птиц.

Проведенный опыт по ветеринарно-санитарной оценке качества мяса перепелов опытных групп доказывает положительного влияния кормовой добавки «Вермикулит» и открывает возможности ее применения в промышленном птицеводстве для повышения вкуса и аромата продуктов птицеводства.

ANNOTATION

This article presents the results of a study of veterinary and sanitary assessment of the quality of quail meat while using the feed additive "Vermiculite" in the main diet. To conduct the study, 3 groups of quails with 35 birds each were formulated. The birds of the first group served as a control and did not receive the feed additive "Vermiculite". Quails of the second and third groups were added to the main diet with the feed additive "Vermiculite" in doses of 3% and 5% to the dry matter of the main diet, respectively, for four months.

The research results showed that the feed additive "Vermiculite" when applied to the dry matter of the main diet did not have a negative effect on the physiological state of the quail organism. According to the veterinary and sanitary assessment of the internal organs of quails, it was revealed that all the organs were proportional and of a specific color, without hemorrhages and formations. Also, the organoleptical, physical and chemical and microbiological parameters of poultry meat met the requirements of regulatory documentation. In general, it can be noted that the feed additive "Vermiculite" had a positive effect on the organoleptical and physical and chemical parameters of poultry meat.

The conducted experience in veterinary and sanitary assessment of the quality of quail meat of experimental groups proves the positive effect of the feed additive "Vermiculite" and opens up the possibility of its use in industrial poultry farming to enhance the taste and aroma of poultry products.

Ключевые слова: *вермикулит, кормовая добавка, перепелка, ветеринарно-санитарная оценка, безопасность, качество.*

Key words: *vermiculite, feed additive, quail, veterinary and sanitary assessment, safety, quality.*

Введение.

В Казахстане наряду с развитием птицеводства одновременно разведение перепелов является перспективным. Перепелиные продукты занимают устойчивое положение в птицеводческой пищевой продукции. Перепелиные яйца и мясо являются диетическими продуктами и используются в качестве лечебного питания. Такой интерес обусловлен не только качеством получаемого продукта, но и относительно коротким периодом размножения этого вида птиц [1]. Сбалансированность корма для птицы является основополагающим условием производства качественной продукции птицеводства. Этого можно достичь путем введения новых кормовых добавок в современные системы кормления высокопродуктивных кроссов птицы. Использование высококачественных кормов и кормовых добавок позволяет повысить темпы роста и развития птицы [2-3].

В отличие от других млекопитающих, в организме птиц проходит высокий минеральный обмен (в том числе фосфорно-кальциевый). Нехватка минеральных веществ приводит к заболеваниям опорно-двигательного аппарата, снижению количества и биологической ценности получаемых продуктов. Поэтому птицефабрики стремятся использовать местные природные минеральные ресурсы, богатые макро- и микроэлементами и способствующие перевариванию и усвоению необходимых питательных веществ в желудочно-кишечном тракте птицы [4].

Кормовые добавки из полисолей и премиксы не всегда идеально подходят для оптимизации рационов по составу питательных веществ и отсутствия антимикотоксиновой активности. Поэтому, целесообразно использовать некоторых природных минералов, обладающих широким спектром свойств и действий, которые были выявлены в последние годы [5].

В последние годы отечественные ученые начали использовать в составе основного рациона птиц нетрадиционные кормовые добавки на основе природного минерала – вермикулита.

Вермикулит широко используется в других странах, а для Казахстанского рынка он новый материал. Вермикулит - биологически активное вещество, которое благодаря своим физико-химическим, ионообменным и адсорбционным свойствам повышает продуктивность и естественную резистентность птицы, предотвращает заболевания, улучшает качество конечного продукта птицеводства [7]. Вермикулит обладает высокой емкостью для жидких субстратов и сохраняет сыпучие свойства материалов. Благодаря этому можно получить

сыпучие концентраты содержащие до 70% массы жидких компонентов с различными кормовыми добавками, витаминами, пробиотиками и лекарственными препаратами. В качестве жидких компонентов обычно используют жиров, витаминов и других лекарственных препаратов [8]. Вермикулит представляет собой вспученный порошок который содержит микроэлементов, как Na, R, Mg, Ca и Fe. В птицеводстве вспученный вермикулит повышает устойчивость к заболеваниям, улучшает эффективность использования кормов и продлевает цикл для достижения наилучшей продуктивности и качества яиц.

В целом, использование вспученного вермикулита в составе основного рациона птиц повышает резистентность организма к заболеваниям и эффективность поедания корма, так же продлевает цикл пиковой продуктивности и качество яйца [9].

В научном эксперименте И.Ю. Жидика и др. обогащение основного рациона перепелов породы «Фараон» вспученным вермикулитом повлияло к увеличению прироста живой массы птиц и сохранности поголовья. А также, гематологические показатели крови птиц опытной группы превосходило контрольной группы [10].

В работе Т.В. Бондарьи др. были применены биологические активные препараты как «Вермикулит» и «Гумивет» в рационе перепелов и по результатам исследования установлено, что мясо птицы по органолептическим, физико-химическим, бактериологическим показателям, а также биологической ценности и безвредности является доброкачественным, а по некоторым химическим показателям превосходило мясо контрольной группы [11].

В статье L.E.Tyutina и соавторов представлены результаты влияния минеральной кормовой добавки на основе вермикулита на физиологические показатели цыплят-бройлеров кросса «Росс 308». Было обнаружено, что минеральная кормовая добавка, содержащая известняк, монокальцийфосфат и вермикулит, улучшает усвояемость питательных веществ корма для цыплят-бройлеров [12].

А по результатам работы Е.А.Ноговициной Т.А. Пономаревой доказано, что введение в рацион гусей вермикулита в дозе 5,0 г/кг живой массы способствует увеличению количества эритроцитов, гемоглобина, содержанию гемоглобина в эритроците, а также увеличению общего белка в сыворотке крови, что является показателем более интенсивного обмена веществ и повышения живой массы птицы опытной группы. В целом вермикулит положительно повлиял на минеральный статус крови птиц [13].

Кормовая добавка «Вермикулит» была приготовлена на основе вермикулитового туфа Кулантауского месторождения (Южно-Казахстанская область). Марка вспученного вермикулита М-150, фракция 5-10 мм.

Цель работы: ветеринарно-санитарная оценка качества мяса перепелов при применении кормовой добавки «Вермикулит» полученного на основе местного сырья.

Материалы и методы исследования.

В качестве объекта исследования были использованы перепела породы «Техас». Экспериментальная работа проводилась в ТОО «Салем Qus» (Алматинская область). Перепела выращивались с 7-ми недельного возраста в течение четырех месяцев. При постановке эксперимента аналогичным образом были сформированы три группы по 35 голов в каждой. При этом учитывались происхождение, живая масса и общее состояние птицы.

Ветеринарно-санитарные работы по исследованию качества мяса птиц проводились в лабораториях кафедры «Ветеринарно-санитарной экспертизы и гигиены» Казахского национального аграрного исследовательского университета.

Перепелов выращивали в двухуровневых клетках-батареях на глубокой подстилке с частичным сетчатым полом. Все перепела имели свободный доступ к корму и воде, их кормили стандартным полнорационным комбикормом, разработанным на ферме.

Состав комбикорма состоял из одинаковых компонентов. Единственным отличием было добавление в комбикорм опытной группы кормовой добавки вермикулит. Птиц I-контрольной группы содержали на основном рационе. Птицы II-группы получали к основному рациону кормовую добавку вермикулит в дозе – 3,0 % к сухому веществу рациона, птицы III-группы получали к основному рациону кормовую добавку в количестве 5,0% к сухому веществу рациона (табл. 1.).

Таблица 1 - Схема эксперимента по кормлению перепелов

№	Группы	Условия кормления	Количество птиц
I	контрольная	100% ОР	35
II	опытная	97% ОР + 3% В	35
III	опытная	95% ОР + 5% В	35

Примечание: ОР – основной рацион, В-вермикулит.

Послеубойный ветеринарно-санитарный осмотр тушек птиц. По окончании экспериментального опыта птицы контрольной и опытных групп были подвергнуты убою. По пять птиц из каждой группы были забиты вручную путем отрезания головы (декапитирования) и проведены соответствующие исследования. Послеубойный ветеринарно-санитарный осмотр тушек перепелов проводили согласно «Правилами ветеринарного осмотра убойных животных и ветеринарно-санитарной экспертизы мяса и мясных продуктов».

Образцы мяса птиц размягчали с помощью кухонного комбайна. Пробы мяса для исследований отбирали в соответствии с ГОСТом 31467–2012 «Мясо птицы, субпродукты и полуфабрикаты из мяса птицы. Методы отбора проб и подготовка их к испытаниям».

Органолептическое исследование мяса и бульона. Органолептическую оценку качества и определение свежести мяса перепелов проводили в соответствии с ГОСТом 7269-79 «Мясо. Методы отбора образцов и органолептические методы определения свежести» и ГОСТ Р 51944–2002 «Мясо птицы. Методы определения органолептических показателей, температуры и массы». Для определения органолептических показателей, обращали внимание на внешний вид, цвет, вкус, запах и консистенцию мяса.

Внешний вид и цвет мяса определяли в более глубоких слоях мышечной ткани свежего мясного среза. Одновременно к срезу прикладывали кусочек фильтровальной бумаги и на ощупь определяли наличие или отсутствие липкости, а также влажность поверхности среза мяса.

Запах образца мяса определяли чистым ножом, делали разрез и сразу же определялся запах более глубоких слоев. Особое внимание уделялось запаху мышечной ткани, прилегающей к кости.

Консистенция и упругость мышечной ткани определялись легким нажатием пальца и следили за выравниванием ямки.

Чтобы определить прозрачность и вкус бульона от тушки птицы вырезали скальпелем 70 г мышечной ткани и измельчали в мясорубке. Приготовленный фарш хорошо перемешивали и из общей массы брали 20 г фарша в колбу. Далее в фарш добавили 60 мл дистиллированной воды и поставили в холодильник на несколько минут. Массу хорошо перемешали, накрывали часовым стеклом и помещали в водяную баню на 10 минут.

Қарасанның алдын алу және күресу шараларының негізгі бағыттарының бірі жануарларды иммундеу болып табылады [15, 16]. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде қарасанның алдын алу үшін «Ірі қара мал мен қойдың қарасанына қарсы инактивті, концентрацияланған алюминий гидрототық вакцинасы» және ірі қара малдың клостридиоздарына қарсы ассоциацияланған вакциналар қолданылады [17, 18, 19, 20].

Сонымен, ірі қара малдың қарасаны Қазақстан Республикасының көптеген аймақтарында таралған. Ауру дер кезінде анықталып, тиісті шаралар қабылданбаса, мал шаруашылығына үлкен зиян келтіреді. Қазіргі кезде жүргізіліп жатқан эпизоотияға қарсы шаралар мен жоспарлы профилактикалық егулерге қарамастан, қарасан одан таза емес аймақтарда күрделі мәселе болып қала береді. Сондықтан да, ел аумағындағы қарасаннан қалыптасқан эпизоотиялық жағдайды ескере отырып, кейбір ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізудің қолданыстағы тәртібін оңтайландыру мақсатында аурудан таза емес шаруашылықтарда жүргізілген іс-шараларды зерделеу және талдау қажеттілігі туындайды.

Зерттеу материалдары және тәсілі. Зерттеулер «ҚазҒЗВИ» ЖШС зертханасында және институт филиалдарында, сондай-ақ өндіріс жағдайларда ғылыми жұмысты орындаушылардың облыстар шаруашылықтарына іс-сапары кезінде жүргізілді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау кезінде қарасанды балауға арналған МЕМСТ 26503-85 сәйкес зерттеу әдістері қолданылды. Серологиялық зерттеулер ҚазҒЗВИ-де ойластырылған антигенді пайдаланып, латекс агглютинациясында жүргізілді [21]. Қарасан бойынша індеттік жағдай ҚР АШМ ВБҚК, «Республикалық індетке қарсы отряд» ШЖҚ РМҚ, «Ұлттық ветеринария бойынша референциялық орталығы» ШЖҚ РМҚ ветеринариялық есеп беру деректерін талдау, сондай-ақ Республиканың қарасаннан таза емес әртүрлі аймақтарына барған орындаушылардың өзіндік зерттеулері нәтижелері негізінде сарапталынды. Қарасанға эпизоотологиялық мониторинг жүргізу үшін Бакулов Н.А ж.б. сипатталған зерттеу әдістемелері пайдаланылды [22, 23].

Ел аумағын қарасанның таралу деңгейі бойынша аймақтарға бөлу эпизоотологиялық мониторинг деректері негізінде, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы «Территорияны аймақтарға, зоналарға және компарменттерге бөлу ережесін бекіту туралы» №767 бұйрығын басшылыққа ала отырып жүргізілді.

Қарасанға індеттанулық зерттеулер жүргізу мақсатында мыналар сарапталынды:

- ветеринариялық зертхана қызметкерлері мен жобаны орындаушылардың серологиялық және бактериологиялық зерттеулер жүргізу кезінде және республика шаруашылықтарында эпизоотологиялық және иммунологиялық мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру кезінде алған нәтижелері;

- Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің және індетке қарсы отрядтің қарасанның індеттік жағдайы туралы статистикалық шолулары мен ресми есептері;

- қарасанның індет ошақтарын клиникалық-эпизоотологиялық зерттеу материалдары және республиканың әртүрлі аймақтарындағы эпизоотиялық жағдайды бағалау мәліметтері;

Инфекцияның таралу дәрежесін зерделеу үшін індет ошақтарын эпизоотологиялық зерттеу, патологиялық материал мен қоршаған орта объектілерінің сынамаларын алу, содан кейін бактериологиялық зерттеулер жүргізу үшін аурудан таза емес пункттерге іс-сапарлар ұйымдастырылды.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеулеріміздің бастапқы кезеңінде республикадағы соңғы 5-6 жылдардағы қарасаннан індеттік ахуалын, аурудың алдын-алу үшін жүргізілетін профилактикалық вакцинация деңгейін және ол шараның қарасан індеті ошақтарының пайда болуымен байланысын сараптадық. Талдау нәтижелері төмендегі кестелерде көрсетілген (кестелер - 1, 2, 3, 4).

Кесте 1 – ҚР аумағындағы 2017-2022жж. тіркелген қарасан ауруының ошақтары

Облыс атауы	Ошақтар саны						6 жылда, барлығы
	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	
Батыс Қазақстан	3	10	26	48	7	2	96
Шығыс Қазақстан	10	13	14	14	12	5	68
Жамбыл	15	7	10	1	2	1	36
Алматы	13	5	7	4	4	2	35
Ақтөбе	2	3	3	8	11	1	28
Павлодар	1		2	5	3	4	15
Қарағанды		1	1	1	2	3	8
Атырау	0	1	1	1	0	2	5
Қостанай	0	0	1	1	1	0	3
Ақмола	0	0	0	1	1	0	2
Қызылорда						2	2
Солтүстік Қазақстан	0	0	0	0	1	0	1
Маңғыстау	0	0	0	0	0	0	0
Түркістан	0	0	0	0	0	0	0
ҚР бойынша барлық ошақ саны	44	40	65	84	44	22	299

1 кестеде көрсетілгендей, 2017-2022 жылдар аралығында (6 жыл) республика аумағында барлығы 299 қарасанның індет ошағы тіркелген. Қарасан ошақтары көбінесе БҚО, ШҚО, Жамбыл, Алматы және Ақтөбе облыстарында орын алған. Осы жылдардағы ошақтардың орташа жылдық саны 49,8 ге ($299:6=49,8$) тең болды. Осыны ескере отырып, ҚР аумағындағы осы 6 жылдағы қарасан ошақтарының таралу деңгейі бойынша облыстарды төмендегідей зоналарға бөлуге болады: қарасан ошақтарының таралуының жоғары деңгейі - тіркелген ошақтар саны осы жылдардағы орташа жылдық ошақ санынан (49,8) жоғары болған облыстар, бұларға БҚО (96 ошақ) және ШҚО (68 ошақ) жатқызуға болады. Қалған облыстарда тіркелген ошақтар саны 1-36 шегінде болды. Сондықтан да, қарасан ауруы бұл облыстарды ошақтардың таралу деңгейі бойынша тағы да екі топқа бөлдік ($36:2=18$). Яғни, аумағындағы тіркелген ошақтар саны 1-18-ге дейінгі облыстар қарасанның таралу деңгейі төмен, ал 18 ден 36 ға дейінгі облыстар аурудың таралу деңгейі орташа зонаға жатқызылды. Қарасан ошағы мүлде тіркелмеген облыстар бұл індеттен таза болып есептелінді. Осы мәліметтер негізінде ҚР аумағын қарасан ошақтарының таралу деңгейі бойынша зоналарға бөлу жөніндегі індеттанулық карта жасалынды (1-сурет).



Сурет 1 – 2017-2022 ж.ж ҚР аумағын қарасан ошақтарының таралу деңгейі бойынша зоналарға бөлу картасы: қызыл түс- ауру таралуының жоғары деңгейі; сары түс- орташа деңгейі; көк түс- төменгі деңгейі ; жасыл түс- аурудан таза аймақ

1 суреттен байқайтынымыз, республикадағы 14 облыстың 12-сінде (яғни, республика аумағының 85%) қарасан індеті әр түрлі деңгейде таралған, тек қана Маңғыстау және Түркістан облыстары ғана қарасан індетінен таза болып есептелінеді. Бұл картаны қарасанның таралу деңгейіне байланысты әр аймақта (зоналарда), әр түрлі алдын алу немесе сауықтыру шараларын өткізуді жоспарлау үшін пайдалануға болады.

Қарасанға қарсы жүргізілген шаралар тиімділігін талдау үшін Республикалық індетке қарсы күрес отрядының ресми мәліметтері пайдаланылды. 2-кестеде 2017-2021 жылдар аралығындағы қарасан ошақтарының жылдың әр айларында тіркелген саны келтірілген.

Кесте 2 – ҚР аумағында 2017-2021 жылдары тіркелген қарасан ошақтары

Ай атаулары	Жыл бойы тіркелген ошақтар саны					Барлығы, 5 жылда (2017-2021жж.)
	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	
Қаңтар	3	4	1	5	6	19
Ақпан	2		1	2	4	9
Наурыз	2	4		5	5	16
Сәуір	1	3		2	5	11
Мамыр	4	3	2	4	2	15
Маусым	2		3	1	5	11
Шілде	2	4	8	3	2	19
Тамыз	6	1	7	1	4	19
Қыркүйек	10	1	7	7	4	29
Қазан	6	6	24	12	5	53
Қараша	6	8	7	32	1	54
Желтоқсан	2	6	5	10	1	24

2-кестеден, 2017-2021 жылдары қарасан індет ошақтарының көбі негізінен қазан (53) және қараша (54), одан азырақ қыркүйек (29) және желтоқсан (24) айларында тіркелгені белгілі болды. Бұл жағдайды жануарларға қарасан вакцинасын екінші қайтара егілмегендіктен олардағы иммунитет деңгейінің төмендеуімен немесе пайдаланылған вакцина сапасының нашар болғандығымен түсіндіруге болады.

Қарасан пайда болған шаруашылықтарында сауықтыру жұмыстарын жергілікті ветеринария мамандары және Республикалық індетке қарсы отряд қызметкерлері атқарады.

Зерттеулеріміздің келесі кезеңінде Республикалық індетке қарсы отряд мәліметтерін сараптау арқылы қарасанның бір індет ошағын сауықтыруға жұмсалған уақытын, яғни күндер санын анықтадық (3- кесте).

Кесте 3 – ҚР 2017-2021жж. қарасан ошақтарын сауықтыруға кеткен жұмсалған күндер саны

Жылдар	Тіркелген індет ошақтарының саны	Сауықтыру жұмыстары жүргізілген күндердің жалпы саны	Бір ошақты сауықтыруға кеткен күндердің орташа саны
2017	44	1049	23,8
2018	40	984	24,6
2019	65	1820	28,0
2020	84	2391	28,5
2021	44	660	15,0
2017-2021 жж.	277	6904	24,0

3 кестеден көрінетіні, 5 жыл ішінде (2017-2021 жж) бір ошақты сауықтыруға әр жылдары 15-тен 28 күнге дейін, орташа есеппен 24 күн жұмсалған. Бұл мәліметтердің қарасанға қарсы жүргізілген негізгі шаралардың тиімділігін анықтауда маңызы бар және оны індетке қарсы шараларды жоспарлағанда және ұйымдастырғанда ескеру қажет. Осы мәліметтерді пайдаланып, бір ошақта жұмыс істеген қызметкерлердің жалақысы (2-3 адам), сауықтыру барысында жұмсалынған дезинфектанттар мен дәрмектер, транспорт шығындарын қосып есептеп бір ошақты сауықтыруға жұмсалатын қаржы көлемін де анықтауға болады.

Бұдан кейінгі зерттеулерімізде қарасан аурудың алдын-алу үшін жүргізілетін профилактикалық вакцинация деңгейін және ол шараның қарасан ошақтарының пайда болуымен байланысын сараптауға бағытталған талдаулар жүргіздік.

Ол үшін 2017-2022 жж. ҚР республикасы бойынша ірі қара мал саны, қарасанға қарсы иммунделген мал және осы жылдары пайда болған қарасан ошақтары санын салыстырдық (4- кесте).

Кесте 4 – ҚР қарасанға иммунделген мал және қарасан ошақтарының саны

Көрсеткіштер атауы	Жылдар						6 жылдағы орташа көрсеткіш
	2017	2018	2019	2020	2021	2022	
ҚР ірі қара мал саны	6 413 205	6764 212	7 137 928	7 437 600	7 848500	8185100	7297757
Иммунделген мал саны	5098499	4978553	4 803 607	5 826 230	6 340 756	6728280	4962654
Иммунизациямен қамту,%	79,5	73,6	67,3	78,3	80,7	82,2	76,9
Тіркелген ошақтар саны	44	40	65	84	44	22	49,8

4-кестеден көрінетіні, ҚР мал басы жыл сайын өсіп келеді, алайда иммунделген мал санының артуы 2020 -2022 жылдарда (78,3 тен 82,2%) байқалады. Осы 2020 жылдан бастап қарасан ошақтарының саны да күрт төмендегенін көруге болады (84-тен 22-ге дейін). Ал 2017-2019 жылдары иммунизациямен қамту пайызы 79,5-тен 67,3-ке дейін төмендегенде, тиісінше қарасан ошақтарының саны 44-тен 65 ке дейін көбейді. Бұл деректер, ҚР малды қарасанға иммунизациялау деңгейі мен тіркелген қарасан ошақтары арасында кері байланыс барын көрсетеді. Болашақта қарасан ошақтарын болдырмау үшін ірі қара малды иммунизациямен қамту деңгейін төмендетпей, жыл сайын арттыра беру керек.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінде қарасанның спецификалық профилактикасы бірнеше ондаған жылдар бойы «Ірі қара мал және қойдың қарасанына қарсы инактивацияланған, концентрацияланған алюминий гидрототықты вакцинасын» қолдану арқылы жүргізіліп келеді. Вакцина *Clostridium chauvoei*-ге қарсы кем дегенде 6 айға созылатын қарқынды иммунитет түзеді деп саналады.

Қазіргі кезде елімізде ірі қара мал қарасанының алдын алу мақсатында әр түрлі өндірушілер (Армавир, Ставрополь биофабрикалары, «Антиген» ҒӨО және т.б.) шығарған вакциналар пайдаланылып келеді.

Соңғы жылдары Қазақстанның мал шаруашылықтарында осы вакциналарды қолданудың тиімділігіне жүргізген талдауымыз, вакцинациядан кейінгі әртүрлі кезеңдерде жануарлар арасында қарасан ауруының орын алғанын көрсетеді. Мысалы, Ақтөбе облысында 2019-2022 жылдары тіркелген 23 індет ошақтарының 11-нде вакцинациядан кейінгі 2-6 ай мерзімде жануарлардың қарасанмен ауырғаны тіркелді. 2020 жылы БҚО-ның 3 індет ошағында жануарлардың вакцинациядан кейін 4 айдан кейін, ал 5 ошақта 6 айдан кейін, ШҚО екпеден кейінгі кезеңнің 5-ші айында 2 ошақта ірі қара мал қарасаны тіркелді. Бұл деректер осы мерзімдерде жануарлардағы иммунитеттің әлсіреуін немесе қолданылатын вакцина сапасының төмен болғанын көрсетеді. Айта кететін жайт, аса қауіпті саналатын басқа індеттерге қарсы вакцина пайдалану тәжірибесінде, белгілі бір уақыттан кейін иммунделген жануарлардағы поствакцинальдық антидене титрін зерттеу арқылы иммунитет деңгейін анықтайды. Алайда, қарасан ауруына қарсы қолданылатын вакциналар нұсқаулықтарында мұндай жағдай қарастырылмаған. Мұның басты бір себебі қарасан індетін серологиялық балау әдістерінің ойластырылмағандығы.

Осыны ескере отырып ҚазҒЗВИ ғалымдары 2021-2023 жылдары қарасанның серологиялық диагностикасы үшін латекс агглютинациясы реакциясын қоюға арналған антиген ойластырып және осы реакцияны қою әдісін ұсынды. Алғашқы зерттеулерде, вакцинациядан 23 күннен кейін жануарлардың латекс агглютинациясы реакциясындағы антидене титрлері 1:45, 35 күннен кейін 1:37, 150 күннен кейін 1:11 тең болғаны белгілі болды. 150 күннен зерттеулерде поствакцинальдық антиденелер жануарлардың тек 76,6% ғана анықталынды. Зерттелінген жануарларда вакцинациядан кейінгі антиденелер титрлерінде олардың орналасқан аймағына және вакцина түріне байланысты айтарлықтай айырмашылық болған жоқ.

Бұдан кейінгі зерттеулерде, қарасан вакцинасының егілген жануарларда 30 күннен кейін поствакцинальдық антиденелердің орташа титрі 1:33, одан кейінгі мерзімдерінде (90, 150 және 180 күндер) орташа титр, сәйкесінше - 1:29, 1:16 және 1:8 шамасын құрады. Вакцинациядан 180 күннен кейінгі зерттеулерде 30% жануарларда антидене мүлде анықталынған жоқ, яғни бұл жануарлардағы иммунитет деңгейі төмен болғанын көрсетеді.

Осы фактілерді ескере отырып, институтта жасалған «Имунофарм» иммуномодуляторын қолдану арқылы қарасанға қарсы егілген жануарлар иммунитетінің ұзақтығын арттыру мүмкіндігін зерттедік [24]. Зерттеу нәтижелері мал ағзасына қарасанға қарсы концентрацияланған, инактивацияланған вакцинаны және «Имунофарм» иммуномодуляторын бір мезгілде енгізу жануарларда иммунитеттің қанағаттанарлық деңгейін кемінде 6-ай бойы ұстауды қамтамасыз ететінін көрсетті. Сондықтан да жануарларды қарасанға қарсы иммундеу тиімділігін арттыру үшін осы әдісті ұсынуға болады.

Арнайы әдебиеттер көздерінде және қарасаннан таза емес аймақтарда қызмет еткен көптеген ветеринариялық мамандар мен ғалымдар тәжірибесінде гипериммунды спецификалық қан сарысуын қолдану тиімділігі жөнінде айтылады [18]. Сондықтан да, қарасан ауруы бойынша елдегі күрделі індеттік жағдайды және аталған ем тәсілінің артықшылықтарын ескере отырып, ауру табындағы жануарларды пассивті иммундеп, жедел қорғау мақсатында профилактикалық және емдік дозада қарасанға қарсы гипериммунды спецификалық қан сарысуын қолдануды ұсынамыз.

ҚР аумағында қарасанға қарсы жүргізілетін шараларды талдай келе, арнайы нұсқаулықтарда көрсетілген біршама жұмыстардың талапқа сәйкес орындалмайтыны анықталынды. Бұл жұмыстарды жергілікті ветеринария мамандары жүргізеді, алайда біраз жағдайларда мал иелері ауырған немесе өліп қалған мал туралы мамандарға хабарламағандықтан олардан диагнозды нақтылауға қажет патологиялық материал алынып ветеринариялық зертханаға жіберілмейді. Қарасаннан өлген жануарлар өртелініп немесе

биотермиялық шұңқырға тасталыну керек, бірақ мал иелерінің жауапсыздығынан көбінесе мал өлекселері, әсіресе жайылымда өлген жануарлар уақытында жиналып, залалсыздандырылмайды. Мұның бәрі шаруашылықтағы қарасанға қарсы жүргізілетін шаралар тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Шаруашылықта қарасан ауруын болдырмаудың ең тиімді тәсілі - алдын-алу шараларын сапалы ұйымдастыру. Қарасанның алдын-алу шараларына мысалы, мыналарды жатқызуға болады: мал қорымдары мен ауру жануарлар өлген жерлерге жақын жайылымдарды пайдалануға тыйым салу; сулы-батпақты жерлер мен су қоймаларын құрғату; малдардың өлекселері, инфекцияланған жем-шөп қалдықтары, төсеніштер мен көнді жағып жіберу. Қоралар мен мал тұрған орындарды дезинфекциялау; барлық мал басын жұқпалы аурулар белгілеріне үнемі тексеріп отыру; шаруашылықтағы барлық мал басына мерзімді вакцинация жүргізу.

Алайда мониторинг нәтижесінде анықталынғандай, біршама шаруашылықтарда осы шаралар уақытында және тиісінше орындалмайды, сондықтан да бұл жерлерде қарасан індетінің орын алған жағдайлары кездесіп отырады. Қарасанға қарсы алдын-ала егу жоспарын орындамау, ең бастысы, егу мерзімін кешіктіру қарасан індетінің тіркелуін жиілетіп, жануарларды амалсыз эпизоотия кезінде егуге тура келеді. 2017-2022 жж. ҚР бірнеше облыстары қарасанға қарсы вакцинамен уақытылы қамтамасыз етілмегеніне байланысты иммундеу науқаны кешеуілдеп өткізілді. Мұндай, профилактикалық егу жұмысын кешіктіру немесе вакцинамен толық қамтамасыз етпеу мал шаруашылығына едәуір зиян келтіреді.

Осылайша, қарасан ауруының алдын алу немесе одан сауықтыру жөніндегі арнайы нұсқаулықтар талаптарын толықтай орындаған жағдайда ғана мал шаруашылығы бұл індеттен таза болады.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Зерттеулер барысында, 2017-2022 жж. ҚР аумағындағы індеттік ахуал анықталынып, қарасан ошақтарының таралу деңгейі бойынша облыстарды зоналарға бөлу жөніндегі індеттанулық карта жасалынды. Бұл картаны індетке қарсы шараларды аурудың таралу деңгейіне байланысты әр аймақта (зоналарда) сәйкесінше, әр түрлі алдын алу немесе сауықтыру шараларын өткізуді жоспарлау үшін пайдалануға болады.

Республикалық індетке қарсы күрес отрядының ресми мәліметтері пайдалана отырып, ел аумағында қарасанға қарсы жүргізілген шаралар тиімділігін талдау жүргізілді.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде соңғы 5 жыл ішінде (2017-2021 жж) қарасан ошақтарының көбі негізінен күз айларында кездесетіні, бір ошақты сауықтыруға әр жылдары 15-тен 28 күнге дейін, орташа есеппен 24 күн жұмсалатыны белгілі болды. Бұл мәліметтердің ҚР аумағында қарасанға қарсы жүргізілген негізгі шаралардың тиімділігін анықтауда маңызы бар және оны індетке қарсы шараларды жоспарлағанда және ұйымдастырғанда ескеру қажет.

2017-2022 жж. республика бойынша барлық ірі қара мал саны, оның ішінде қарасанға қарсы иммунделгендері және осы жылдары пайда болған қарасан ошақтары санын салыстыра сараптау барысында, малды қарасанға иммунизациялау деңгейі мен тіркелген қарасан ошақтары арасында кері байланыс бар екендігі анықталынды. Болашақта қарасан ошақтарын болдырмау үшін ірі қара малды иммунизациямен қамту деңгейін төмендетпей, жыл сайын арттыра беру керек.

Қазіргі кезде республика мал шаруашылықтарында қарасанының алдын алу мақсатында пайдаланылып жүрген вакциналар тиімділігін пайымдау барысында, кейбір облыс шаруашылықтарында вакцинамен егілген ірі қара мал арасында иммунделген уақыттан бастап 6 айға дейінгі аралықта қарасанмен ауруы тіркелді. Бұл жағдай қарасанға қарсы иммунделген жануарлар ағзасындағы иммунитет деңгейінің төмендегенін немесе вакцина сапасының нашар болғанын көрсетеді.

ҚазҒЗВИ ғалымдары 2021 -2023 жылдары қарасанның серологиялық диагностикасы үшін латекс агглютинациясы реакциясын (ЛАР) қоюға арналған антиген ойластырып және осы реакцияны қою әдісін ұсынды. Жүргізілген зерттеулер аталған антигеннің және оны пайдаланып латекс реакциясын қоюдың қарасанға қарсы вакцинамен егілген жануарлар ағзасында пайда болған антиденелер деңгейін және динамикасын анықтау үшін жарамды және телімді тәсіл екендігін дәлелдеді.

Бұдан кейінгі жүргізілген зерттеулер жануар ағзасына вакцинамен бір мезгілде «Иммунофарм» иммуномодуляторын қоса енгізу иммунитет деңгейін 6 ай бойы

қанағаттанарлық дәрежеде ұстап тұратындығын көрсетті, сондықтан да бұл тәсілді тәжірибеде қолдану ұсынылды.

Қарасаннан таза емес шаруашылықтарда аурудың алдын алу және емдеу мақсатында қарасанның гипериммунды қан сарысуын пайдалануды да тәжірибеге енгізу ұсынылады. Республика аумағында ірі қара мал қарасанына қарсы жүргізілетін шараларды талдай келе, арнайы нұсқаулықтарда көрсетілген біршама ұйымдастыру-шаруашылық жұмыстардың талапқа сәйкес орындалмайтыны анықталыны. Мысалы, қарасанға қарсы алдын-ала егу жоспарын орындамау, ең бастысы, егу мерзімін кешіктіру қарасан індетінің тіркелуін жиілетіп, жануарларды амалсыз эпизоотия кезінде егуге мәжбір етеді. Мұндай, профилактикалық егу жұмысын кешіктіру немесе вакцинамен толық қамтамасыз етпеу мал шаруашылығына едәуір зиян келтіреді.

Жалпы, қарасан ауруының алдын алу немесе одан сауықтыру жөніндегі арнайы нұсқаулықтар талаптарын толықтай орындаған жағдайда ғана мал шаруашылығы бұл індеттен таза болады.

Қорытынды. 2017-2022 жж. ҚР аумағындағы індеттік ахуал зерделеніп, қарасан ошақтарының таралу деңгейі бойынша облыстарды зоналарға бөлу жөніндегі індеттанулық карта жасалынды.

Осы жылдары қарасан індет ошақтарының көбі негізінен қазан және қараша, одан азырақ қыркүйек және желтоқсан айларында тіркелді. Бұл жағдайды жануарларға қарасан вакцинасын екінші қайтара егілмегендіктен олардағы иммунитет деңгейінің төмендеуімен немесе пайдаланылған вакцина сапасының нашар болғандығымен түсіндіруге болады.

Соңғы 5 жыл ішінде (2017-2021 жж) қарасанның бір індет ошағын сауықтыруға әр жылдары 15-тен 28 күнге дейін, орташа есеппен 24 күн жұмсалатыны белгілі болды. Бұл мәліметтердің ҚР аумағында қарасанға қарсы жүргізілген негізгі шаралардың тиімділігін анықтауда маңызы бар және оны індетке қарсы шараларды жоспарлағанда және ұйымдастырғанда ескеру қажет.

Жүргізілген талдаулар, республикада ірі қара малды қарасанға иммунизациялау деңгейі мен тіркелген қарасан ошақтары арасында кері байланыс барын көрсетеді. Болашақта қарасан ошақтарын болдырмау үшін ірі қара малды иммунизациямен қамту деңгейін төмендетпей, жыл сайын арттыра беру керек.

ҚазҒЗВИ ғалымдарының зерттеулері нәтижесінде, жануар ағзасына вакцинамен бір мезгілде «Имунофарм» иммуномодуляторын қоса енгізу иммунитет деңгейін 6 ай бойы қанағаттанарлық дәрежеде ұстап тұратындығын көрсетті, сондықтан да бұл тәсілді тәжірибеде қолдану ұсынылады. Бұдан басқа, қарасаннан таза емес шаруашылықтарда аурудың алдын алу және емдеу мақсатында қарасанның гипериммунды қан сарысуын пайдалануды да тәжірибеге енгізген жөн.

Институт ғалымдары 2021 -2023 жылдары қарасанның серологиялық диагностикасы үшін латекс агглютинациясы реакциясын қоюға арналған антиген ойластырып және осы реакцияны қою әдісін ұсынды. Аталған әдіс қарасанға қарсы вакцинамен егілген жануарлар ағзасында пайда болған антиденелер деңгейін және динамикасын анықтау үшін қолданысқа ұсынылады.

ҚР аумағында ІҚМ қарасанына қарсы жүргізілетін шараларды талдай келе, арнайы нұсқаулықтарда көрсетілген біршама ұйымдастыру-шаруашылық жұмыстарының талапқа сәйкес орындалмайтыны анықталынды. Сондықтан да, қарасан ауруының алдын алу немесе одан сауықтыру жөніндегі шаралар тиімді болу үшін жүргізілетін жұмыстар кешенді түрде, толықтай атқарылуы қажет, тек сонда ғана мал шаруашылығы бұл індеттен таза болады.

Алғыс айту. Авторлар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ветеринария бақылау және қадағалау комитетіне», «Республикалық індетке қарсы отряд» ШЖҚ РМК-ға, «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық» ШЖҚ РМК-ға індеттанулық мәліметтерді ұсынғаны үшін алғысын білдіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Данилюк, А.В. Распространенность и видовое разнообразие клостридий - возбудителей анаэробных инфекций крупного рогатого скота [Текст] / А. В. Данилюк, А. В. Капустин // Труды Всероссийского НИИ экспериментальной ветеринарии им. Я.Р. Коваленко. – 2019. – Т. 81. – С. 19-26.

- 2 Девришов, Д.А. Технологические и иммунобиологические аспекты производства вакцины против эмфизематозного карбункула [Текст] / Д. А. Девришов, Ф. Х. Пулотов // Ветеринария, зоотехния и биотехнология. – 2019. – № 1. – С. 60-65.
- 3 Кузьмина, В. А. Эпизоотология с микробиологией [Текст]: учебник / В. А. Кузьмина, А. В. Святковского. - СПб.: Издательство «Лань», 2017. - 189-191 с.
- 4 Ziech, R.E. Blackleg in cattle: current understanding and future research needs [Text] / R.E. Ziech, L.T. Gressler, J. Frey [et al.] // *Cienc Rural*. - 2018. - Vol. 48. - № 5. – P.1-10.
- 5 Datta S. Black Quarter in a Cow: a Case Report [Text] / S. Datta, Karmakar U.K. // *Exploratory Animal and Medical Research*. – 2017. - Vol. 7. – Issue 5. – P.113-115.
- 6 Hussain R. Clinico-hematological, patho-anatomical and molecular based investigation of blackleg disease in Cholistani cattle [Text] / R. Hussain, S. Ehtisham-Ul-haque, I. Khan [et al.] // *Pakistan Journal of Agricultural Sciences*. – 2021. - Vol. 58 (3). – P. 1017-1025.
- 7 Rychener, L. Clostridium chauvoei, an evolutionary dead-end pathogen [Text] / L. Rychener, S. In-Albon, S. Djordjevic [et al.] // *Frontiers in Microbiology*. – 2017. - Vol. 8. – P. 1-13.
- 8 Zakharova, O.I. Malignant Catarrhal Fever in Cattle in the Irkutsk Region [Text] / O.I. Zakharova, N.N. Toropova, O.A. Burova [et al.] // *Journal of Veterinary Research*. – 2020. - Vol. 64. - Issue 2. – P. 215-222.
- 9 Blokhin, A.A. Blackleg in Cattle in the Irkutsk Region [Text] / A.A. Blokhin, N.N. Toropova, O.A. Burova [et al.] // *Frontiers in Veterinary Science*. – 2022. - Vol. 9. – P. 1-7.
- 10 Наврузшоева, Г.Ш. Структура основных инфекционных болезней сельскохозяйственных животных в приграничных районах провинции Бадахшан Исламской Республики Афганистан [Текст] / Г. Ш. Наврузшоева, А. Р. Назарбеков, Н. В. Пименов // Ветеринария, зоотехния и биотехнология. – 2021. – № 5. – С. 26-32.
- 11 Heckler R.F. Blackleg in cattle in the state MatoGrosso do Sul, Brazil: 59 cases [Text] / R.F. Heckler, R.A.A. de Lemos, D.C. Gomes [et al.] // *Pesquisa Veterinária Brasileira Journal*. -2018. – Vol. 38 (1). – P. 6-14.
- 12 Kapustin, A.V. Emphysematous carbuncle in cattle [Text] / A.V. Kapustin, A.I. Laishevstev, A. V. Motorygin // *Russian Journal of Agricultural and Socio-Economic Sciences*. – 2021. - №1 (109). – P. 149-156.
- 13 Глотова, Т.И. Возбудители и возрастная восприимчивость крупного рогатого скота к клостридиозам [Текст] / Т.И. Глотова, Т.Е. Терентьева, А.Г. Глотов // *Сибирский вестник сельскохозяйственной науки*. - 2017. - Т.47. - №1. - С.90-96.
- 14 Abutalip A. Epizootic situation of animal emcar (blackleg) onthe territory of the republic of kazakhstan for 2010-2020[Text] / A.Abutalip, V. Laskavy, B.D. Aitzhanov [et al.]// *Herald of Science of S. Seifullin Kazakh Agro technical University*. - 2022. - №3-2 (114). – P. 167-180.
- 15 Крамер, Ю.Н. Специфическая профилактика анаэробной энтеротоксемии телят: протективные свойства поливалентного анатоксина Clostridium perfringens [Текст] / Ю.Н. Крамер, Н. В. Пименов // Ветеринария, зоотехния и биотехнология. – 2020 – № 3. – С. 52-56.
- 16 Wolf, R. Spatial-temporal cluster analysis of fatal Clostridium chauvoei cases among cattle in Styria, Austria between 1986 and 2013 [Text] / R. Wolf, J. Hiesel, S. Kuchling[et al.] // *Preventive Veterinary Medicine*. – 2017. - Vol. 138. - P. 134-138.
- 17 Капустин, А.В. Разработка метода контроля иммуногенной активности ассоциированной вакцины против клостридиозов крупного рогатого скота [Текст] / А.В. Капустин, А.И. Лаишевцев, О.Д. Скляр [и др.] // *Russian Journal of Agricultural and Socio-Economic Sciences*. - 2017. - № 3 (63). - С. 170-175.
- 18 Капустин, А.В. Эпизоотология и профилактика клостридиозов крупного рогатого скота / А.В. Капустин, Т.И. Алипер // *Единый мир – единое здоровье: Материалы конгресса*. - 2017. - С. 106-108.
- 19 Guizelini C.C. Blackleg in inadequately immunized calves and their recovery following antibiotic therapy [Text] / C.C. Guizelini, O.A.C. Silvestre, C.A.N. Ramos [et al.] // *Journal of infection in Developing Countries*. – 2020. - Vol.14. – Issue 7. - С. 788-792.
- 20 Ласкавый В. Н. Повышение иммуногенности вакцины против эмфизематозного карбункула [Текст] / В. Н. Ласкавый, С. А. Староверов, Ю. М. Горелов [и др.] // Ветеринария и кормление. – 2016. – № 6. – С. 13-15.

21 Способ получения латексного диагностикума для постановки реакции латекс агглютинации [Текст]: пат. № 8160 Республики Казахстан: МПК G 01 N 33/53, G 01 N 33/569/ Абуталип А.; заявитель и патентообладатель КазНИВИ. - № 2023/0087.2; заявл. 30.01.2023; опубл. 09.06.23, Бюл. № 23.

22 Бакулов, Н.А. Методические рекомендации по ведению эпизоотологического мониторинга экзотических особо опасных и малоизученных болезней животных [Текст] / Н.А. Бакулов, А.В. Книзе, В.М. Котляров. - Покров.:ВНИИВВиМ. – 2005. - С.26-50.

23 Макаров В. В. Эпизоотологический метод исследования [Текст]: учебное пособие / В. В. Макаров, А. В. Святковский, В. А. Кузьмин [и др.].- СПб.: Издательство «Лань», 2009. — С.13-29.

24 Способ повышения иммуногенности вакцин против инфекций сибирской язвы и эмфизематозного карбункула (эмкара) [Текст]: пат. № 024464 Евразийский патент: А61К 39/07, 39/08, 33/14, 31/115, 37/00/ Горелов Ю.М.; заявитель и патентообладатель ФГБНУ «Саратовский НИВИ»; ТОО «КазНИВИ» - № 201200605; заявл. 18. 05. 12; опубл. 30.09. 2016.

REFERENCES

1 Daniljuk, A.V. Rasprostranennost' i vidovoe raznoobrazie klostridij - vozбудitelej anajerobnyh infekcij krupnogo rogatogo skota [Tekst] / A. V. Daniljuk, A. V. Kapustin // Trudy Vserossijskogo NII jeksperimental'noj veterinarii im. Ja.R. Kovalenko. – 2019. – Т. 81. – С. 19-26.

2 Devrishov, D.A. Tehnologicheskie i immunobiologicheskie aspekty proizvodstva vakciny protiv jemfizematoznogo karbunkula [Tekst] / D. A. Devrishov, F. H. Pulotov // Veterinarija, zootehnija i biotehnologija. – 2019. – № 1. – С. 60-65.

3 Kuz'mina, V. A. Jepizootologija s mikrobiologiej [Tekst]: uchebnik / V. A. Kuz'mina, A. V. Svjatkovskogo. - SPb.: Izdatel'stvo «Lan'», 2017. - 189-191 s.

4 Ziech, R.E. Blackleg in cattle: current understanding and future research needs [Text] / R.E. Ziech, L.T. Gressler, J. Frey [et al.] // Cienc Rural. - 2018. - Vol. 48. - № 5. – P.1-10.

5 Datta S. Black Quarter in a Cow: a Case Report [Text] / S. Datta, Karmakar U.K. // Exploratory Animal and Medical Research. – 2017. - Vol. 7. – Issue 5. – P.113-115.

6 Hussain R. Clinico-hematological, patho-anatomical and molecular based investigation of blackleg disease in Cholistani cattle [Text] / R. Hussain, S. Ehtisham-Ul-haque, I. Khan [et al.] // Pakistan Journal of Agricultural Sciences. – 2021. - Vol. 58 (3). – P. 1017-1025.

7 Rychener, L. Clostridium chauvoei, an evolutionary dead-end pathogen [Text] / L. Rychener, S. In-Albon, S. Djordjevic [et al.] // Frontiers in Microbiology. – 2017. - Vol. 8. – P. 1-13.

8 Zakhарova, O.I. Malignant Catarrhal Fever in Cattle in the Irkutsk Region [Text] / O.I. Zakhарova, N.N. Toropova, O.A. Burova [et al.] // Journal of Veterinary Research. – 2020. - Vol. 64. - Issue 2. – P. 215-222.

9 Blokhin, A.A. Blackleg in Cattle in the Irkutsk Region [Text] / A.A. Blokhin, N.N. Toropova, O.A. Burova [et al.] // Frontiers in Veterinary Science. – 2022. - Vol. 9. – P. 1-7.

10 Navruzshoeva, G.Sh. Struktura osnovnyh infekcionnyh boleznej sel'skohozjajstvennyh zhivotnyh v prigranichnyh rajonah provincii Badahshan Islamskoj Respubliki Afganistan [Tekst] / G. Sh. Navruzshoeva, A. R. Nazarbekov, N. V. Pimenov // Veterinarija, zootehnija i biotehnologija. – 2021. – № 5. – С. 26-32.

11 Heckler R.F. Blackleg in cattle in the state Mato Grosso do Sul, Brazil: 59 cases [Text] / R.F. Heckler, R.A.A. de Lemos, D.C. Gomes [et al.] // Pesquisa Veterinária Brasileira Journal. -2018. – Vol. 38 (1). – P. 6-14.

12 Kapustin, A.V. Emphysematous carbuncle in cattle [Text] / A.V. Kapustin, A.I. Laishevcev, A.V. Motorygin // Russian Journal of Agricultural and Socio-Economic Sciences. – 2021. - №1 (109). – P. 149-156.

13 Glotova, T.I. Vozбудiteli i vozrastnaja vospriimchivost' krupnogo rogatogo skota k klostridiozam [Tekst] / T.I. Glotova, T.E. Terent'eva, A.G. Glotov // Sibirskij vestnik sel'skohozjajstvennoj nauki. - 2017. - T.47. - №1. - S.90-96.

14 Abutalip A. Epizootic situation of animal emcar (blackleg) on the territory of the republic of kazakhstan for 2010-2020 [Text] / A. Abutalip, V. Laskavy, B.D. Aitzhanov [et al.] // Herald of Science of S. Seifullin Kazakh Agro technical University. - 2022. - №3-2 (114). – P. 167-180.

15 Kramer, Ju.N. Specificheskaja profilaktika anajerobnoj jenterotoksemii teljat: protektivnyye svojstva polivalentnogo anatoksinu Clostridium perfringens [Tekst] / Ju. N. Kramer, N. V. Pimenov // Veterinarija, zootehnija i biotehnologija. – 2020 – № 3. – S. 52-56.

16 Wolf, R. Spatial-temporal cluster analysis of fatal Clostridium chauvoei cases among cattle in Styria, Austria between 1986 and 2013 [Text] / R. Wolf, J. Hiesel, S. Kuchling [et al.] // Preventive Veterinary Medicine. – 2017. - Vol. 138. - P. 134-138.

17 Kapustin, A.V. Razrabotka metoda kontrolja immunogennoj aktivnosti asociirovannoj vakciny protiv klostridiozov krupnogo rogatogo skota [Tekst] / A.V. Kapustin, A.I. Laishevcev, O.D. Skljarov [i dr.] // Russian Journal of Agricultural and Socio-Economic Sciences. - 2017. - № 3 (63). - C. 170-175.

18 Kapustin, A.V. Jepizootologija i profilaktika klostridiozov krupnogo rogatogo skota / A.V. Kapustin, T.I. Aliper // Edinyj mir – edinoe zdorov'e: Materialy kongressa. - 2017. - S. 106-108.

19 Guizelini C.C. Blackleg in inadequately immunized calves and their recovery following antibiotic therapy [Text] / C.C. Guizelini, O.A.C. Silvestre, C.A.N. Ramos [et al.] // Journal of infection in Developing Countries. – 2020. - Vol. 14. – Issue 7. - C. 788-792.

20 Laskavyj V. N. Povyshenie immunogenosti vakciny protiv jemfizematoznogo karbunkula [Tekst] / V. N. Laskavyj, S. A. Staroverov, Ju. M. Gorelov [i dr.] // Veterinarija i kormlenie. – 2016. – № 6. – S. 13-15.

21 Sposob poluchenija lateksnogo diagnostikuma dlja postanovki reakcii lateks aggljutinacii [Tekst]: pat. № 8160 Respubliki Kazahstan: MPK G 01 N 33/53, G 01 N 33/569/ Abutalip A.; zajavitel' i patentoobladatel' KazNIVI. - № 2023/0087.2; zajavl. 30.01.2023; opubl. 09.06.23, Bjul. № 23.

22 Bakulov, H.A. Metodicheskie rekomendacii po vedeniju jepizootologicheskogo monitoringa jekzoticheskikh osobo opasnyh i maloizuchennyh boleznej zhivotnyh [Tekst] / H.A. Bakulov, A.B. Knize, V.M. Kotljarov. - Pokrov.: VNIIVViM. – 2005. - S.26-50.

23 Makarov V. V. Jepizootologicheskij metod issledovanija [Tekst]: uchebnoe posobie / V. V. Makarov, A. V. Svjatkovsknj, V. A. Kuz'min [i dr.].- SPb.: Izdatel'stvo «Lan», 2009. — S.13-29.

24 Sposob povyshenija immunogenosti vakcin protiv infekcij sibirskoj jazvy i jemfizematoznogo karbunkula (jemkara) [Tekst]: pat. № 024464 Evrazijskij patent: A61K 39/07, 39/08, 33/14, 31/115, 37/00/ Gorelov Ju.M.; zajavitel' i patentoobladatel' FGBNU «Saratovskij NIVI»; TOO «KazNIVI» - № 201200605; zajavl. 18. 05. 12; opubl. 30.09. 2016.

РЕЗЮМЕ

В статье изучена эпизоотологическая ситуация на территории Республики Казахстан за 2017-2022 гг. и создана эпидемиологическая карта с разделением регионов на зоны по уровню распространения эмкара. Из него видно, что в 12 из 14 областей республики (то есть 85% территории республики) эмкар распространен на разном уровне, свободны от него только Мангыстауская и Туркестанская области. В эти годы большинство случаев эмкара регистрировались преимущественно в октябре и ноябре, чуть меньше в сентябре и декабре. Ежегодно на ликвидацию одного очага эмкара в стране тратилось от 15 до 28 дней, в среднем 24 дня. Увеличение количества животных, иммунизированных против эмкара в республике наблюдается в 2020-2022 годах (с 78,3 до 82,2%). С 2020 года количество случаев эмкара также резко сократилось (с 84 до 22).

Эти данные необходимы при определении эффективности основных мероприятий против эмкара и должны учитываться при планировании противоэпизоотических мероприятий. Для определения уровня и динамики образования антител в организме иммунизированных против эмкара животных предложен реакция латексной агглютинации.

Для поддержания иммунологической активности эмкарной вакцины до 6 месяцев рекомендуется вместе с вакциной вводить иммуномодулятор «Иммунофарм».

С целью профилактики и лечения в неблагополучных хозяйствах рекомендуется использование гипериммунной эмкарной сыворотки.

Чтобы меры по профилактике или оздоровлению от эмкара были эффективными, необходимо провести комплекс организационно-хозяйственных и специальных ветеринарно-санитарных работ, только тогда животноводство будет свободным от этой болезни.

UDC 68.41.35
IRSTI: 68.41.35. 0403301

DOI 10.52578/2305-9397-2023-4-1-138-149

Tileukhanov K. K., PhD doctoral student, **the main author**, <https://orcid.org/0000-0002-5541-9146>
RSE «Research Institute of Biological Safety Problems», Zhambyl region, Kordaysky district, Gvardeysky utsal, 15 B. Momysuly Street H20B1C4, Kazakhstan, t.kali@mail.ru

Yespembetov B. A., Candidate of Veterinary Sciences, Professor, <https://orcid.org/0000-0003-3312-4045>

RSE «Research Institute of Biological Safety Problems», Zhambyl region, Kordaysky district, Gvardeysky utsal, 15 B. Momysuly Street H20B1C4, Kazakhstan, espembetov@mail.ru

Syrym N.S., Candidate of Veterinary Sciences, Professor, <https://orcid.org/0000-0002-4361-5676>

RSE «Research Institute of Biological Safety Problems», Zhambyl region, Kordaysky district, Gvardeysky utsal, 15 B. Momysuly Street H20B1C4, Kazakhstan, nazym-syrym@mail.ru

Abdimukhtar A. R., junior research assistant, master of Biology <https://orcid.org/0000-0002-4585-7476>

RSE «Research Institute of Biological Safety Problems», Zhambyl region, Kordaysky district, Gvardeysky utsal, 15 B. Momysuly Street H20B1C4, Kazakhstan, azamat_95.96@mail.ru

Kaukarbayeva M. Zh., microbiologist, <https://orcid.org/0009-0003-3976-5721>

RSE «Research Institute of Biological Safety Problems», Zhambyl region, Kordaysky district, Gvardeysky utsal, 15 B. Momysuly Street H20B1C4, Kazakhstan, kaukarbayeva@mail.ru

Kuantar A.D., PhD doctor, <https://orcid.org/0000-0001-9514-7678>

«Kazakh National Agrarian Research University» Almaty, Abai Avenue 26, A15C8A3, Kazakhstan, mr.kuantar_87@mail.ru

SELECTION OF HISTOPLASMA FARCIMINOSUM STRAIN TO CREATE A REMEDY FOR EQUINE LYMPHANGOITIS

ANNOTATION

Epizootic lymphangitis is a chronic infectious disease, the causative agent of which is the fungus *Histoplasma farciminosum* and continues to cause significant outbreaks worldwide, despite several decades of epidemiological surveillance, diagnosis and prevention. Therefore, research on the selection of strains in the composition of anti-lymphangoitic agents is very relevant. The following strains of *Histoplasma farciminosum* fungus were used for selection: 410, T, YH, 5th, 4th, 5th, 17th, 21st, 8ZH. Microbiological studies of the studied strains were carried out with the study of cultural and morphological properties, the isolation of saccharolytic, proteolytic enzymes, the formation of catalase, oxidase, etc. To determine the biological properties of strains, agar and Saburo broth were used. In the course of the work, the cultural and biochemical properties of 9 strains of fungi were studied: 410, T, YH, 5th, 4th, 5th, 17th, 21st, 8ZH, as well as their growth on the Saburo nutrient medium. The validity of choosing a strain to create an anti-lymphangoitic agent of horses should include the following parameters: the strain, regardless of the type and genus, should have homogeneous cultural and morphological properties without signs of dissociation and abundant bacterial mass yield. In total, the selected strains will be a biological reserve that can be used in the development of diagnostic tools and prevention of equine lymphangitis.

Key words: equine lymphangitis; fungus; strain; *Histoplasma farciminosum*; prevention, diagnosis

Кілт сөздер: жылқы лимфангиті; саңырауқұлақ; итамм; *Histoplasma farciminosum*; алдын алу, диагностика.

Introduction. Epizootic lymphangitis is a chronically occurring infectious disease of ungulates characterized by inflammation of the lymphatic vessels of the skin and subcutaneous tissue with the formation of purulent foci and ulcers. Among herd horses, animals aged from 1 to 4 years are more likely to get sick. Foals are relatively resistant to the disease, especially up to 6 months of age. The

disease spreads slowly [1- 5]. Recently, the disease has been registered in almost all regions of our republic, which indicates the unreliability of veterinary protection in relation to certain infectious diseases [6-10].

The causative agent of the disease is the fungus *Histoplasma farciminosum*. The fungus penetrates into the body of horses through damaged skin (scratches, abrasions, wounds, on the minke, etc.) and is localized in lymphatic vessels, subcutaneous tissue and the skin itself. The incubation period is from 1 to 3 months. Fungi are multicellular or unicellular non-photosynthetic (chlorophyll-free) eukaryotic microorganisms with a thick cell wall [11 -18]. (Fig. 1).




Figure 1 – Structure of the mushroom cell

Fungal cells are covered with a dense cell membrane consisting of polysaccharides (mannans, glucans, cellulose, chitin), as well as protein, lipids, etc., close to cellulose, and nitrogenous substances similar to chitin. They have a nucleus with a nuclear shell, a cytoplasm with organelles, a membrane. The cytoplasmic membrane contains glycoproteins, phospholipids and ergosterols.

Some mushrooms form a capsule. In fungi, the vegetative body (mycelium) consists of a system of thin branching threads called hyphae. Intertwining, the mycelium forms a mycelium. Hyphae are able to grow in length and develop on the surface or inside the nutrient substrate. Accordingly, the mycelium is substrate (vegetative), growing into the nutrient medium, and air. The ends of the mycelium filaments can be twisted in the form of spirals, curls, etc. [19-20].

The diagnosis was established on the basis of a complex of epizootological, clinical data, pathoanatomic changes, serological studies of blood serum samples and microscopic - exudate from purulent ulcers and the contents of thickened lymph vessels [21].

Prevention is reduced to preventive quarantine, newly imported horse stock, prevention of injuries, equipping horses from safe zones, regular examinations, preventive research, medical examination. In view of this, new trends in the creation of antifungal drugs in the field of veterinary medicine open up real prospects in the fight against this disease of horses [22].

The effectiveness of diagnostics and vaccines depends not only on the quantity and quality of the antigen, but also on the selected strains capable of accelerating the immune response of the animal's body.

The strain, regardless of the type and genus, should have homogeneous cultural and morphological properties without signs of dissociation. Despite the common chemical composition, microorganisms may have differences in the nature of growth on nutrient media, the ability to break down carbohydrates, salt resistance, enzyme production, and much more. For this reason, we will study the cultural and morphological properties to select the strain of the fungus.

The vital activity of any organism, including fungi, is expressed by metabolism. This process is not feasible without the participation of enzymes. Pathogenic microorganisms produce many enzymes that freely penetrate into tissues, where they interact with extracellular and intracellular molecules. Some so-called aggression enzymes destroy the tissues and cells of the macroorganism, thereby causing the spread of pathogenic organisms and their toxins in infected tissues. Assessment of the biochemical activity of the pathogen will make it possible to correctly differentiate the species and, possibly, to identify pathogenicity factors of the studied microorganism.

In this regard, studies on the selection of strains in the composition of anti-lymphangioitic agents are very relevant.

Research material and method. The following strains of the *Histoplasma farciminosum* fungus obtained from the RIBSP "collections of microorganisms" laboratory were used in the work: *Histoplasma farciminosum*: 410, T, YUCH, 5YU, 4YU, 5C, 17YU, 21YU, 8ZH. The appearance of the colonies was evaluated visually and microscopically according to the generally accepted method.

Nutrient media. To cultivate strains of *Histoplasma farciminosum* fungi, nutrient media were used: Saburo agar and Saburo broth.

Mushroom cultivation. Cultivation of *H. farciminosum* fungus was carried out on nutrient media in 2 ways - 1) cultivation on a dense nutrient medium Saburo agar and 2) cultivation of *H. farciminosum* fungus in liquid nutrient media

Light microscopy. To prepare the preparations, a drop of water was applied to the glass, into which the test material was placed and fixed in the flame of the burner. The preparation of dyes and staining were carried out according to generally accepted methods. After staining, the preparations were washed and microscoped using an MBI-3 microscope using oil immersion.

Electron microscopy. During the electron microscopic analysis of *Histoplasma farciminosum* mushroom strains on the JEM 100 CX, JEOL electron microscope, their shape was determined and photographs were taken with an increase of x10000 for morphometric calculation of the size of the bacteriophage. The sizes of *Histoplasma farciminosum* mushroom strains were taken on the negative plates with a magnifying glass, with a division scale of 0.1 mm.

Determination of the biochemical activity of the fungus. Catalase test Drops of hydrogen peroxide were applied directly to the colony with a loop. When gas was formed, it was noted as a positive result.

Oxidase test. 1 drop of the reagent was applied directly to the colony under study and the appearance of dark purple staining was observed. With a positive reaction at the place of application of the culture, the tampon turns blue for 1 min, with a negative reaction, its color does not change.

The urease activity of the mushroom strains was determined by the alkalization of a nutrient medium containing urea in the presence of an acidity indicator.

Research results. In the studies, a comparative study of the cultural and morphological biochemical properties of 9 strains of the *Histoplasma farciminosum* fungus was carried out. To study the morphology at the macro and micro levels, strains of the *Histoplasma farciminosum* fungus were grown on broth and Saburo agar for 7-10 days. Then the appearance of the colonies, the growth pattern and thickness of the mycelium, the size of the spores were determined.

Cultural and morphological characteristics of mushrooms "17YU", "21YU", "8ZH" *Histoplasma farciminosum* are shown in Figures 2-7.






Figure 2 – Cultural and morphological characteristics of the fungus "T" *Histoplasma farciminosum*



a) Strain "410" of *Histoplasma farciminosum* fungus



b) Strain "4YU" of the fungus *Histoplasma farciminosum*

Figure 3 – Cultural and morphological characteristics of fungi "410", "4YU" *Histoplasma farciminosum*

As can be seen from Figure 2 (a), the "T" strain has velvety towering folded colonies with gray-white grooves. On top of these colonies, the growth of white rounded colonies resembling a ball of cotton wool was noted, as well as colonies of gray-white color in the center of a yellowish color with a hairy surface, tightly adjacent to the medium. The underside is painted dark yellow. The edges of the colonies are smooth, branching filaments of mycelium form a loose plexus 2.0 - 4.0 microns thick. The spores are rounded 2.0-4.0 microns in diameter.

b) Strain "410" of the fungus *Histoplasma farciminosum* in a dense environment grew in the form of trapezoidal colonies of gray - white color separated by grooves, In the central part, colonies of different sizes and shapes, light brown color with a shaggy surface. The size of the mycelium is 2.0 – 3.0 microns thick, diameter 5.0 – 7.0 microns.

c) strain "4YU" developed in the form of round colonies towering above the dense environment of Saburo ellipsoid shape, velvety, folded with small grooves of gray-white color. The edges of the colonies have a cobwebby appearance, and the underside of the colony is dark yellow, with a diameter of 2.0-3.5 microns. Young hyphae are thinner, their size is 1.2-1.3 microns. The spores are rounded 2.5-3.5 microns in diameter with a two-contour shell.


The study of electron microscopy showed that all the studied strains of spherical and round fungi with a diameter of different sizes: strain "T" of the fungus 5.0 – 6.0 microns, strain "410" – have a size of 2.0 - 4.0 microns, and strain "4YU" – 5.0 – 7.0 microns.



Figure 4 – Cultural and morphological characteristics of the fungus "5YU" *Histoplasma farciminosum*



a) Strain "5C" of the fungus *Histoplasma farciminosum*



b) Strain "YUCH" of the fungus *Histoplasma farciminosum*

Figure 5 – Cultural and morphological characteristics of fungi , "5C", " YUCH" *Histoplasma farciminosum*

As can be seen from Figure 3 (a), the strain "5YU" of the fungus, folded white colonies, the edges of the colony have a cobwebby appearance, other colonies are rarely located on the surface, having the appearance of cotton lumps consisting of a septic, branched ascending mycelium. Colonies on the underside are yellow. The thickness of the mycelium averaged 2.0-4.0 microns. The spores are rounded with a diameter of 2.0-4.0 microns.


